

№33
(4931)
Сенбі
21 наурыз
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ӘЗ НАУРЫЗ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ!

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Баршаңызды көктемнің шуақты мерекесі – жаңару мен жаңғырудың, бірлік пен берекенің нышаны болған Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Сан ғасырлық тарихы бар бұл мереке ұрпақтар сабақтастығын жалғап, әр шаңыраққа жылулық пен ізгілік нұрын сыйлайды.

Астана – мәдениет пен тарих тоғысқан, заманауи жетістіктер өркен жайған қала. Біз бірлесе отырып, елордамызды одан әрі дамытып, оны жайлы да серпінді, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын шаһарға айналдырып келеміз.

Астанада 14 наурыздан бастап Наурыз мерекесін тойлауға арналған Наурызнама онкүндігі бастау алды. Қалада 10 күн бойы 200-ден астам түрлі іс-шара өтіп жатыр: концерттер, көрмелер, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар, шығармашылық кештер, спорт ойындары, қайырымдылық шаралары және т.б. Мерекелік бағдарламалар қаланың барлық алты ауданында ұйымдастырылған.

Наурыз мерекесі әр шаңыраққа жылулық, шаттық пен татулық әкелсін. Сіздерге мықты денсаулық, бақыт және жаңа жетістіктер тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

АСТАНА ӘУЕЖАЙЫ – ТМД-ДА ҮЗДІК

Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы World Airport Awards 2026 нәтижесі бойынша Орталық Азия және ТМД-ның үздік өңірлік әуежайы атанды.

Бұл – Астана әуежайының халықаралық байқаудағы төртінші жеңісі.

«Бұл марапатты төртінші рет алу – жолаушылар тарапынан жоғары сенім мен мойындаудың айқын дәлелі. Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы Орталық Азия және ТМД өңіріндегі өз позициясын нығайтып, жолаушыларға жайлы әрі тиімді қызмет көрсетуді жалғастыруда» деп мәлім етті Skytrax компаниясының бас директоры Эдвард Плейстед.

World Airport Awards 2026 сыйлығы жолаушылар арасында жүргізілетін тәуелсіз жаһандық сауалнама негізінде беріледі және әлемнің 565-тен астам әуежайын қамтиды. 2026 жылы зерттеуге 100-ден астам елдің жолаушылары қатысып, тіркеу мен тексеруден бастап инфрақұрылым, сервис және ұшаққа отырғызуға дейінгі барлық негізгі кезеңдерді бағалады.

ДРОН-ШОУДЫ ТАМАШАЛАҢЫЗ

Наурыз

Астанада Наурыз мейрамын тойлау барысында ауқымды дрон-шоу өтеді.


21 наурыз күні сағат 20:00-ден 21:00-ге дейін «Қазақ елі» алаңында Астананың аспаны алып экранға айналады. Қала тұрғындары мен қонақтарына арнап ұлттық символдармен жарық шоу көрсетіледі.

Аспанда қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрін бейнелейтін анимациялық композициялар пайда болады.

Астанада «Наурызнама» онкүндігі аясында 200-ден астам іс-шара өткізу жоспарланған. Күн сайын концерттер мен ұлттық ойындар, жәрмеңкелер мен басқа да мерекелік іс-шаралар өтіп жатыр.

ЖЫЛҚЫМЕН ЖАРЫСҚАН УАҚЫТ

4-БЕТ |



ЖАСТАРДЫ ҚАЛАЙ ҚЫЗЫҚТЫРАМЫЗ?

6-БЕТ |

№33 (4931) 21/03/2026 Сенбі

AQORDA



ҒЫЛЫМИ ӘЗІРЛЕМЕЛЕР ПАЙДА ӘКЕЛУІ ТИІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылыми қоғамдастықпен кездесті. Президент ғылыми қауым алдында сөйлеген сөзінде бүгінде түрлі мемлекеттер арасында технологиясы озық ел болу үшін қарқынды күрес жүріп жатқанын атап өтті.

НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚ

«Біз еліміз өсіп-өркендесін десек, ең алдымен, цифрландыру мен жасанды интеллектінің дамуына баса мән беруіміз керек. Бұл – менің Президент ретіндегі ең маңызды мақсатымның бірі. Жалпы, соңғы уақытта бұл салада ауқымды шаруа атқарылды, әлі де көп жұмыс істеуіміз керек. Кейінгі бес жылда ғылым саласына салынған инвестиция көлемі алты еседен асты. Елімізде зерттеу университеттері көбеюде, олардың нақты өндіріспен байланысы нығайып жатыр. Үкіметтің мәліметі бойынша, қазір 200-ден аса коммерциялық жоба қолға алынды. Осылайша, «Университет – зерттеу – инновация – коммерция» экожүйесі біртіндеп пайда болып жатыр. Ғылым қалашықтары салынып, технология парктері және инжиниринг орталықтарының құрылысы басталды. Бір сөзбен айтқанда, ғылым саласында көп жыл бойы болмаған оң үрдістер байқалып жатыр. Бұл өте маңызды жұмысқа сіздер де белсене атсалысып жүрсіздер. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін» деді Мемлекет басшысы.

Президент енді еліміздің жаңа Конституциясына сай ғылым саласы бұдан да жоғары қарқынмен дамитынына назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Ата заңымызда ғылымның өрісін кеңейту негізгі стратегиялық басымдықтың бірі ретінде көрсетіліп отыр. Бұл университеттерді, зерттеу инфрақұрылымын дамыту, ғалымдардың жағдайын жасау – Үкімет жұмысының бір бағыты ғана емес, мемлекеттің конституциялық міндеті ретінде бекітілді деген сөз. «Қазақстанда 420-дан астам ғылыми-зерттеу ұйымы бар. Онда 27 мыңнан аса ғалым мен ғылыми қызметкер еңбек етіп жүр. Бұл – өте үлкен академиялық корпус. Әсіресе, ғылыми ортаның жасарып келе жатқаны қуантады. Отандық ғалымдардың жартысына жуығы 40 жасқа толмаған. Ұрпақтар сабақтастығы көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан әлемде ғылымның заман талабына сай болуына мүмкіндік береді. Мен қазақ ғылымының келешегіне үмітпен қараймын. Әйтсе де, халықаралық тәжірибемен жете таныс адам ретінде отандық ғылымның қазіргі жай-күйін асыра бағалаудан, «толайым табысқа жетті» деп айтудан аулақпын. Дегенмен ғылымды дамыту үшін бізде инфрақұрылым да, адами әлеует те бар. Үкімет пен ғылыми қоғамдастықтың алдында ортақ стратегиялық мақсат тұр. Ол – анағұрлым тиімді ғылыми орта қалыптастыру, экономикадағы инновацияны ынталандыру, ғылымды өндіріспен барынша ұштастыру. Ашығын айтқанда, шешімін күткен мәселе шаш етектен» деді Мемлекет басшысы.

ҚАТАҢ ТӘРТІП БОЛМАЙ, НӘТИЖЕ ЖОҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды қаржыландыру ісіне қатаң тәртіп керек, қаражатты басымдықтарға қарай жұмсаған жөн деп санайды. «Мемлекет соңғы алты жылда ғылымға арналған қаржыны бірнеше есе ұлғайтты. Жыл сайын ғылымға 200 миллиард теңгеден астам, тіпті, бұдан да көп, 500 миллион доллардан аса қаржы бөлінеді. Бұл – Қазақстан үшін қомақты ақша. Алайда ғылымды қаржыландырудың нақты нәтижесін әзірге көре алмай отырмыз. Бас прокуратура салалық министрлікте және Ғылым қорында көптеген әрі ауқымды қаржылық кемшіліктер көзге көрініп тұр. Менің түсінігімде, ғылым мен жемқорлық бір-біріне кереғар құбылыс, екеуі қатар аталмауға тиіс. Мемлекет қаржысын жымқырғысы келетін кез келген әрекетке тосқауыл қоятын сүзгі не кедергі жоқ. Ғылыми үдерісті дамытудың тұжырымды көзқарасы қалыптаспаған. «Әйтеуір қаражатты қалайда игерсек болды» деген ұстаным тамыр жайған. Ғылыми жұмыстың нақты пайдасы, жаңашылдығы қандай? Оған ешкім бас қатырмайды. Бұған қоса, сараптама ұзаққа созылады. Жобалар уақтылы іске аспайды. Үкімет аталған мәселелерді егжей-тегжейлі тексеріп, жағдайды түзеу үшін шұғыл шаралар қабылдауы қажет» деді Президент.

БАҚЫЛАУДЫҢ НАШАРЛЫҒЫ САН СОҚТЫРДЫ

Мемлекет басшысының пікірінше, ғылыми әзірлемелер елге нақты пайда әкелуі керек. Өкінішке қарай, бұл бұлжымас аксиоманы қайталауға тура келіп тұр. «Ғылым қорына инновацияны ынталандыруға арналған жаңа құзыреттер берілді. Бірақ жұмыстың нәтижесі жоқ. Қордың қызметін қайта саралау қажет. Өзімізді алдаудың не қажеті бар? Ғылым бар сияқты, бірақ оның нақты пайдасын көрмей отырмыз. Маған үш мыңнан астам қолданбалы ғылыми жобаның тек 193-і ғана коммерциялануға лайық деп танылғаны, ал нарыққа бар-жоғы 29 жоба шыққаны баяндалды. Өкінішке қарай, индустрияға әсері, қайтарымы өте аз. Тағы бір келеңсіз жайт: заманауи өндіріс құруға бөлінген жер телімдері бос жатыр. Ал жұмысында олқылықтарға жол берген Ғылым қоры мемлекет қаржысын қайтармағаны өз алдына, тіпті, құқық қорғау органдарына да шағымданбаған. Ештеңе болмаған сияқты. Алайда құқық қорғау органдары грант ретінде алынған ақшаның кейін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы мен Ғылым қоры қызметкерлеріне аударылғанын әшкереледі. Тексеріс нәтижесі бойынша 11 қылмыстық іс қозғалды. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында өзім шынайы құрметпен қарайтын ғылыми қызметкерлер туралы осындай ұятты деректерді ашық айту оңай емес. Бірақ Конституциядағы Заң мен тәртіп қағидаты ғылым қайраткерлеріне де қатысты. Ғылыми қоғамдастықтың абырой-беделіне нұқсан келтіретін осы жағымсыз жайт жауапкершіліктің болмауы, бақылаудың нашарлығы және процестерді цифрландырудың төмен деңгейі қайда әкеліп соғатынын анық көрсетті. Барлық ғылыми әзірлеме қолданбалы мәнге ие болуға тиіс. Экономиканың нақты секторларына белсенді енгізілуі керек. Әлбетте қазақ ғылымының дамуында сәтті мысалдар баршылық. Ауызды құ шөппен сүрте беруге болмайды. Бірақ шынайы табысқа жеткіміз келсе, сәтсіздіктерден сабақ алуымыз керек. Турасын айтқан жөн. Шындықты бұрмалауға түбегейлі қарсымын. Бірақ құр сөз бен мақтангершілікті жақтырмаймын» деді Мемлекет басшысы.



Президент инновациялық саясатты жүргізу құзыреті Ғылым және жоғары білім министрлігіне берілгенін, «Индустриялық PhD» мамандарын даярлау бағдарламасы іске қосылғанын, іргелі зерттеулерді тұрақты қаржыландыру тетігі енгізілгенін, сондай-ақ жетекші ғалымдарға еңбекақы төлеудің жаңа әдістемесі заң жүзінде бекітілгенін алға тартты. «Алайда қабылданып жатқан шараларға қарамастан, ғылыми әзірлемелерден ауыз толтырып айтарлық экономикалық әсер әзірге жоқ. Бұл жағдайдың себептерін анықтауымыз керек. Ғылым академиясы, тиісті институттар, ғалымдар мен бизнес-қоғамдастық осы тығырықтан шығаратын ұсыныс беруге тиіс. Басқаша айтқанда, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруды қолға алған жөн. Негізі, бұл әлдеқашан орындалуға тиіс міндеті еді. Бірақ ештен кеш жақсы. Стратегиялық мақсатымыз – ғылым мен инновацияға келетін инвестицияны еселеу. Бұл іске жеке кәсіпорындар мен кәсіпкерлер де атсалысуы қажет. Яғни, ғылым – жалпыхалықтық іс. Мәселені осылай төтесінен қоюмыз керек. Үкімет ғылымды басқарудың нәтижеге құрылған және бизнеспен серіктестікті дамытуды көздейтін тиімді моделін жасақтауы керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ГРАНТТЫ ӘДІЛ БӨЛЕЙІК

Мемлекет басшысы осыдан үш жыл бұрын елімізде әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жөнінде нақты тапсырма бергенін еске салды. «Бұл Қазақстанға өте қажет. Осы бастама, ең алдымен, жастардың өз жерімізде сапалы білім алуына жол ашады. Біз сол арқылы еліміздің жоғары білім жүйесіне халықаралық бағдарламалар мен озық стандарттарды енгізе аламыз. Жалпы, осы уақыт ішінде ауқымды шаруа атқарылды, 33 университеттің филиалы ашылды. Оның ішінде Мәскеу инженерлік физика институты, Аризона университеті, Сорбонна, Лотарингия университеті, Кардифф университеті, Де Монтфорт университеті, Бейжің тіл және мәдениет университеті сияқты беделді жоғары оқу орындары, сондай-ақ Лу Бань шеберханасы бар. Бірақ бұл жұмыс әлемнің үздік университеттерімен серіктестік орнатумен аяқталмауы керек. Бізге есеп үшін ашылған, ұлттық ғылымды дамытуға қауқарсыз филиалдардың қажеті жоқ. Басты назар санда емес, сапада болуға тиіс. Қазақстанда жұмыс істейтін әр филиал жоғары білім саласындағы бәсекені арттыруға ықпал етуі керек. Осы мәселені мұқият зерделеу маңызды. Қазір еліміздегі шетел жоғары оқу орындарының филиалдарында білім алып жатқан студенттердің дені – мемлекеттік грант иелері. Елімізде жергілікті жоғары оқу орны мен шетелдік университеттерге берілетін мемлекеттік оқу гранттарының ақысында үлкен айырмашылық бар. Үкіметтің мәліметі бойынша, бір студентті оқыту үшін шетелдік филиалға бөлінетін мемлекеттік грант көлемі ұлттық мәртебесі бар университеттерге бөлінетін грант көлемінен бес есе артық. Мұндай жағдайда бәсекелестік туралы сөз айтудың өзі орынсыз болуы мүмкін. Сондықтан Үкімет шетелдік жоғары оқу орындарына бөлінетін мемлекеттік грант құнын қайта пысықтап, тиісті талдау жүргізгені жөн болады» деді Президент.

ҰЛТТЫҢ МЕНТАЛИТЕТІН ӨЗГЕРТУ КЕРЕК

Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіптік, ғылыми, инженерлік-техникалық мамандарды сапалы даярлауға күш салудың маңызына тоқталды. «Өздеріңізге мәлім, биылғы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялаймын. Яғни Қазақстанды ғылыми-технологиялық тұрғыдан дамытып, техника мен өндірістік процестерді арттыру үшін шара қабылдауымыз керек. Менің ойымша, бізде заңгерлер, филологтар мен дипломаттар, яғни, гуманитарлық сала мамандары өте көп. Ұлттың менталитетін өзгертуіміз керек. Ал ол қалай өзгереді? Ол үшін ғылым мен технологияға мойын бұруымыз қажет. Бұл біздің қолымыздан келмей ме? Қазақстанда тура мағынасында сана революциясын жасауымыз керек деп ойлаймын. Осы орайда университеттердің ерекше миссиясын атап өткім келеді. Олар білімді, парасатты, елдің келешегі үшін жауапкершілік арқалай алатын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеп шығаруда айрықша рөл атқарады. Мемлекеттің зияткер қауымы университет қабырғасында қалыптасады. Білім беру саласын әлеуметтік қызмет ретінде қабылдау дұрыс емес. Қазіргі құбылмалы әлемде білім маңызды өндірістік күшке айналды. Жастарымыздың ғылымға, инновациялық кәсіпкерлікке, озық цифрлық дағдыларды меңгеруге қызығушылық танытатыны қуантады. Мемлекеттің міндеті – жастарды сапалы біліммен қамтамасыз ету, олардың заманауи ғылыми базада жұмыс істеуіне, дүние жүзімен академиялық байланыс орнатуына жағдай жасау. Көп ұзамай Жасанды интеллект университеті ашылады. Мұны маңызды уақиғалардың бірі деп айтуға болады. Оқу орны алғашқы студенттері мен магистранттарын биыл қабылдауды жоспарлап отыр. Іргелі ғылымсыз жасанды интеллектіні дамыту мүмкін емес екенін түсінген жөн. Алгоритмдер мен күрделі инженерлік өнімдер, ең алдымен, дамыған ғылыми және университеттік ортада пайда болады. Сол себепті осы бағытқа айрықша көңіл бөлеміз» деді Президент.

Мемлекет басшысы қазақстандықтар қол жеткізген нәтижеге тоқмейілсіп, көрсеткіштермен мақтанбай, керісінше, жаңа мақсаттарға жету үшін тынымсыз еңбек ету қажет екенін мәлімдеді. «Әлемдік бәсеке күшейген кезеңде біз әрдайым жеңімпаз болуымыз керек. Қазақ халқы қандай жағдай болса да, өркениет көшінен қалмауға тиіс. Тарихымызда қилы қасіретті бастан өткердік. Осы бақ-қуатты өмірге жету үшін талай зобаланды көрдік. Өркениет бізге өздігінен келмейді. Оны өздеріңіз де түсінетін шығарсыздар. Оған қол жеткізу үшін қоғам жұдырықтай жұмылып, күш біріктіруі қажет. Ғалымдар, технологтар, кәсіпкерлер, білімді азаматтар, тіпті, студенттер де ортақ іске атсалысқаны жөн» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, ғылым қалашықтары мен қарқынды дамитын қалалар инвестиция және жаңа технологияларды тарту орталығына айналуға тиіс. Президент әлемдік ғылымда өзекті зерттеулер жасай алатын ғалымдар буынын тәрбиелеу қажеттігіне мән берді. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның болашағы туралы ойымен бөлісті. Президент ғалымдар жаңа Конституцияның мән-мазмұнын жұртшылыққа терең түсіндіруге айтарлықтай үлес қосқанына назар аударып, ғылым елдікті нығайтудың маңызды құралы екенін айтты. Жиын соңында Президент елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар табыстады.

БІРЛІК ПЕН ДОСТЫҚ МЕРЕКЕСІ



Бас қаладағы Достық үйінің алаңында «Қош келдің, әз-Наурыз!» атты мерекелік көңіл-күй сыйлаған ауқымды іс-шара өтті. Оған дипломатиялық өкілдіктердің елшілері, Қазақстан халқы Ассамблеясының, Астана қаласы әкімдігінің, мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, елордалық ҚХА мүшелері, қоғам қайраткерлері, қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

Жиынның ашылу салтанатында сөз сөйлеген Астана қаласының Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов жиналған қауымды құттықтап, халқымыздың рухани жаңғыру мерекесінің татулық пен бірліктің символына айналғанына тоқталды. Астаналық ақсақалдар атынан Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев елдің амандығын тілеп, көктем шуағының жүректерді жылытып игі істерге бастау болсын деген тілегін білдірді.

Бұл күні Достық үйінің шаршы алаңы қонақтарға толы болды. Концерттік және ойын-сауық бағдарламасымен қатар арнайы тігілген киіз үйлер мен алтыбақан Наурыз мерекесінің көркін кіргізді. Қазандарда наурыз көже қайнап жатса, ұлттық ойындарға да кезек берілді. Қол күрес, қазақша күрес, асық ату, гір көтеру сияқты ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар өз жеңімпаздарының мерейін үстем қылды. Жеңімпаздар алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Бұл өз кезегінде ұлттық спорт түрлеріне деген қызығушылықты арттырып, жастардың белсенділігін көтерді. Ұлттық дәстүр мен руханиятымызды ұлықтаған осынау жиын ел бірлігінің, келісім мен бірліктің жасампаз үлгісіне айналды.

ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫ ТОЛЫҚ ЖАСАЛҒАН

Елордада өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін Төтенше жағдайлар департаменті мамандары жыл басынан бері тұрғындардың 3000-нан астам шақыртуына шығып, қызмет көрсеткен. Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу барысында құтқарушылар 70-тен астам адамды құтқарып қалса, олардың шамамен 40-ы балалар болған. Департаменттің №23 өрт сөндіру бөлімінде сол көрсеткіштерді баяндау және жалпы осы қызметте жаңарған жабдықтар мен техниканы көрсету мақсатында арнайы брифинг өтті.

Райхан РАХМЕТОВА

Жыл басынан бері Астана қаласы ТЖД күштері мен құралдарының көмегімен 200-ден астам өрт сөндірілген. 2025 жылдың қорытындысы бойынша елордада 880 өрт тіркеліпті. Мамандардың айтуынша, өрттің басым бөлігі адам факторы мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамаудан болады. Атап айтқанда, өрттің шығуына біріншіден, электр сымдарының қысқа тұйықталуы, яғни желіге шамадан тыс жүктеме түсуі, тозған сымдар, ақаулы электр құрылғылары себеп болады. Сонымен қатар жылыту маусымында пешті пайдалану ережелерінің бұзылуы, яғни пештің шамадан тыс қызуы, мұржалардың ақаулығы, балалардың отпен ойнауы, отты абайсыз пайдалану, соның ішінде үй ішінде темекі шегу сияқты себептері де бар.

Астана қалалық ТЖД басшысының орынбасары Өміржан Тұқышевтің мәлімдеуінше, қазіргі таңда елорданың қауіпсіздігін ТЖД-ның 14 өрт сөндіру бөлімі қамтамасыз етеді. Департаментте 2000-ға жуық қызметкер, яғни өрт сөндірушілер, құтқарушылар және өнеркәсіптік қауіпсіздік мамандары жұмыс істейді. Департамент қарамағында 200-ден астам заманауи жедел техника бар.

– Бөлімдерде кең, жылы, жайлы демалыс бөлмелері, оқу және қызметтік кабинеттері, асханасы, душ қабылдау орны және басқа да орындары бар, олар заманауи техникалармен және жиһаздармен жабдықталған. Мұның бәрі құтқарушылардың жұмысын жеңілдетіп, еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған. Құтқарушылар еуропалық сападағы арнайы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген. Ол өте жеңіл, қимыл-қозғалысқа аса ыңғайлы. Материалдық-техникалық база жаңа автокөліктермен толықтырылды. Олардың қатарында Toyota Hilux, Hyundai Staria және Hyundai базасындағы өрт сөндіру көліктері де бар, – дейді ТЖД өкілі.

Жыл сайын департамент құтқарушылары 20 мыңнан аса шақыртуға шығады, оның ішінде өрттен құтқару, өрт сөндіру, апаттық-құтқару, есігі ашылмай қалған үйдегі балаларды құтқару және басқа да төтенше жағдайлар тіркеледі. Ал күнделікті 300-ден аса құтқарушы кезекшілікке түседі.

ЖАҢАРУ КҮНІНДЕ ЖАҢАРҒАН



Наурызнама аясындағы Жаңару күнінде жеке инвесторлардың қатысуымен «Тұлпар» сауда үйінің маңындағы ескі үйлер сүріле бастады.

Бұл – жаңа кезеңге қадам басудың және қаланы жаңартуға бағытталған нақты қадам. Әрі бұл өзгерістер тұрғындар үшін аса маңызды, себебі жаңа мүмкіндіктер, жайлы орта және қауіпсіз болашақ қалыптастырады.

Жоба жеке инвестор – BI Group қатысуымен жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда BI Group компаниясы жалпы ауданы 8,2 га болатын 21 үйді сатып алды.

Наурыз

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді тамаша мереке, көпұлтты Қазақстанның ең жарқын әрі сүйікті мейрамы – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыздың ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы болып саналатыны бекер емес. Жаңа жылды әрқашан жақсылыққа деген үмітпен, жаңа жоспарлар құрумен, ең ізгі тілектердің орындалуымен байланыстырады.

Бұл күні Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жақсылық пен бақыт тілеймін! Көктем Сіздерді жылулықпен қуантып, әр адамға жақсылыққа, алға қойған жоспарлардың табысты іске асырылуына сенім сыйласын. Біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасында бейбітшілік, жылулық пен амандық болсын!

Құрметпен,
Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!

Адамдарға арман мен адалдық, ал жастарға құштарлық пен сұлулық сыйлаған Наурыз мейрамына орай ыстық ықылас пен шын жүректен шыққан құттықтауымызды қабыл алыңыздар!

Қазақ жерінде мыңдаған жылдардан бері тойланып келе жатқан Наурыз Тәуелсіздікпен бірге барлық қазақстандықтар үшін жалпы халықтық сүйікті мерекеге айналды.

Халықаралық дәрежеде кеңінен тойланатын жыл басы Наурыз – достық пен еркіндіктің мерекесі, салауатты өмірдің салтанаты. Наурыз – қырларда қызғалдақ бүршік атып, Табиғат-Ананың жаңғырып, жаңаратын ғажайып мерзімінің бірі.

Көктемнің осы бір шағында табиғат қана түлеп қоймай, қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігі мен түсіністігін нығайтатын адамзаттың да жан-дүниесі жаңғыра түседі.

Биылғы Наурызда енген қасиетті жануар Жылқы жылы ойға алған барлық арман-мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталуға жазсын!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Сансызбай ЕСІЛОВ,
Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – жыл басы, береке мен бірліктің, татулық пен жаңарудың мерекесі.

Еліміздің өркендеуіне қосып жүрген еңбектеріңіз табысты болып, барлық жоспар-армандарыңыз орындалсын!

Баршаңызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға амандық, ырыс пен ынтымақ тілеймін!



Құрметпен,
Зұлфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

ТҰРҒЫН АЛАПТАР ТҰРАҚТЫ ДАМУДА

Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясында негізгі мәселе ретінде елорданың тұрғын алаптарын дамыту жұмысы қаралды. Бұл бойынша қала әкімінің орынбасары Ерсін Өтебаев баяндама жасады.




Баяндамашы бірқатар аудандарда нақты нәтижелер бар екенін атап өтті. Мәселен, «Кирпичный» тұрғын алабында су құбыры желілері толық салынып, пайдалануға беруге дайындалуда. Ал «Үркер» тұрғын алабында инженерлік және жол инфрақұрылымын дамыту бойынша ауқымды жұмыстар іс жүзінде аяқталуға жақын. «Промышленный», «Оңтүстік-Шығыс», «Көктал-1», «Тельман» және басқа да тұрғын алаптарда жобалар жалғасып, тұрақты қаржыландыруды талап етеді.

Сессияның алдында қалалық мәслихат депутаттары тұрғын алаптарда көшпелі кеңестерді өткізді. Соның барысында депутаттар инженерлік инфрақұрылым құрылысы мәселелері тұрғындар үшін әлі де ең өзекті екенін өз көздерімен көрді. Мұны жиынды жүргізген елорда мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден атап өтті.

Сондай-ақ сессияда көлік құралдарын эвакуациялау және оларды коммуналдық меншіктегі арнайы тұрақтарда уақытша сақтау үшін алынатын төлем мөлшерлері бекітілді.

Бұған қоса, кондоминиум нысанын басқаруға арналған ең төменгі жарна мөлшері бекітілді. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 1 шаршы метр үшін 0,016 АЕК. Сонымен қатар, мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер телімдерін алып қоюға байланысты жер телімдері мен өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттар жобасы қолдау тапты. Бұл аумақтарда жолдар, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлер салу жоспарлануда.



Ләззат РАЗБЕКОВА,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

ЖАҢА ӨМІР БАСТАУЫНЫҢ СИМВОЛЫ

– Наурыз – табиғаттың жаңаруының, жаңа өмірдің бастауының, бірлік пен келісімнің символы. Тамыры терең тарихтан бастау алатын бұл жарқын мереке үмітті, береке-бірлікті және игі өзгерістерге ұмтылысты білдіреді. Осындай күндері біз ата-баба дәстүрлеріне деген құрметімізді арттырып, ұрпақтар сабақтастығын ерекше сезінеміз.

Наурыз әр шаңырақта жылулық, қуаныш пен молшылық әкелсін! Табиғатпен бірге жаңарып, армандарыңыз асқақтап, болашаққа деген сенімдеріңіз нығая берсін. Әр отбасыда татулық, түсіністік пен амандық орнасын.

Елордамыздың қонақтарына ерекше ізгі тілектерімді білдіремін. Бұл мереке сіздерге көтеріңкі көңіл-күй, жарқын әсерлер сыйлап, халқымыздың кең пейілді қонақжайлығын сезінуге мүмкіндік берсін.

Жаңа жыл баршаңызға толайым табыс, игі бастамалар мен жетістіктер әкелсін! Зор денсаулық, бақыт, бейбітшілік пен өркендеу тілеймін!

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын!

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



ЖЫЛҚЫМЕН ЖАРЫСҚАН УАҚЫТ

Қазақ халқы үшін жыл басы – тек күнтізбелік өзгеріс қана емес, ол табиғаттың жаңаруы мен тіршіліктің қайта түлеуінің белгісі. Көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз әр жылды жануардың атымен атады әрі оның өзіндік мәні мен сипаты болды.

Жылқы жылы – жылан жылынан кейін, қой жылынан бұрын келетін мүшел есебінің 7-ші жылы. Жылқы – еркіндіктің, батылдықтың және байлықтың символы. Сондықтан жылқы жылы қазақ ұғымында әрдайым береке мен ырыс әкелетін, жақсылыққа бастайтын кезең ретінде қабылданған.

«Басқа халықты қайдам, біздің қазақ жылқыдан жаралған» деп Асқар Сүлейменов айтқандай, қазақ пен жылқы – егіз ұғым. Ұлттың болмысын, мінезін, еркін рухын түсіну үшін оның жылқыға деген көзқарасына үңілу жеткілікті. Сан ғасырлар бойы кең далада тіршілік кешкен қазақ үшін жылқы – сенімді серік, адал дос, тіршіліктің тірегі болды. Ат үстінде өткен өмір салты халықтың дүниетанымын қалыптастырып, батырлық пен еркіндіктің символына айналды. Сондықтан да жылқы жылын – тек уақыт өлшемі ғана емес, рухтың асқақтығын, қозғалыс пен жаңаруды білдіретін кезең деп түсінген дұрыс.

Дегенмен, тіліміздегі «жылқы жылын алдында» деген тұрақты тіркеске қарап, «жылқы жылы қыс қатты болады немесе қан төгіліп соғыс болады» деп болжайтындар да бар. Бірақ осы тіркеспен мағыналас айтылатын «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгір тоғыс болды» деген сөзді хакім Абай «Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз» («Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы») деп түсіндіреді. Демек, жылқы жылы қазақ халқы үшін нақты бір ғана оқиғамен шектелмейді. Ол – тарихтың әр белесінде маңызды өзгерістер мен бетбұрыстарға тұспа-тұс келіп отырған. Соның айқын дәлелі ретінде 1990 жылды атауға болады. Дәл осы жылы, яғни жылқы жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны қабылдады. Бұл құжат ел тәуелсіздігіне бастар тарихи қадамдардың бірі болып, ұлттық сананың оянуына, азаттыққа деген ұмтылыстың күшеюіне зор ықпал етті. Осылайша, жылқы жылы қазақ тарихында тек символдық мәнге ғана емес, ел тағдырын айқындаған маңызды оқиғалармен де ерекшеленді.

Жылқы жылы туған балалар еркіндікті сүйетін, еңбекқор, жігерлі және ақкөңіл болып өседі. Олар өте жылдам, тапқыр, сергек және көпшіл келеді, сонымен қатар көшбасшылық қасиетке ие, мақсатына жету жолында табандылық танытады.

Ең алғашқы жылқы қазақ даласында қолға үйретілгені туралы ғылыми тұжырымдар да осы өңірдің адамзат өркениетіндегі ерекше орнын айқындай түседі. Жылқыға жүк артып, оны көлік әрі сенімді серік ретінде пайдаланған халықтың жауынгерлік қуаты еселеп артты. Атқа мінген көшпелілер ұлан-ғайыр даланы еркін игеріп, байтақ әлемнің төсінде шапшаң қозғалып, алыс қашықтықтарды бағындыруға мүмкіндік алды. Бұл тек тұрмыс жеңілдігі ғана емес, сонымен қатар әскери тактика мен мәдени дамудың жаңа кезеңін қалыптастырды. Осылайша, жылқыны қолға үйрету қазақ даласын өркениет бесігінің бірі ретінде танытып, көшпелі халықтардың тарихи артықшылығын айқындаған маңызды құбылысқа айналды.

«Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы», «Алып анадан, ат биеден туады», «Жылқы еті жесең тісіңе кіреді, жемесең түсіңе кіреді», «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» деген мақал-мәтелдердің өзі-ақ қазақ халқының жылқыға деген айрықша құрметін аңғартады. Бұл нақыл сөздерде жылқының тек тұрмыс-тіршіліктегі орны ғана емес, оның халық дүниетанымындағы биік мәртебесі, мінезі мен қасиеті де көрініс тапқан. Сондай-ақ жылқы дала заңдары мен әлеуметтік қатынастардың да негізгі өлшемдерінің бірі болған. Көшпелі қоғамда жылқы саны адамның дәулетін, абыройын айқындап қана қоймай, құқықтық-әлеуметтік жүйеде де маңызды рөл атқарған. Мысалы, ердің құны «жүз жылқы» деп белгіленсе, түрлі даулар мен айыптар «ат-шапан айып» түрінде өтелген. Бұл – жылқының тек шаруашылықтағы маңызын емес, оның қоғамдағы құқықтық, мәдени және моральдық құндылық ретіндегі орнын көрсетеді. Яғни жылқы қазақ өмірінде дала заңдарының экономикалық жақтағы тірегі ретінде бағаланған.

Қысқасы, жылқы жылы халық жадында ел өміріндегі маңызды өзгерістер мен рухани құндылықтардың көрінісі ретінде сақталып келеді. Биылғы жылқы жылы да қазақ халқы үшін өткен мен бүгінді жалғайтын, болашаққа бағыт беретін тағылымы мол кезең болмақ.

Желмен жарысып, зымырап өтіп жатқан уақыт желден жаралған жылқыдай жүйрік те еркін.

«СӘЙГҮЛІК» – ҰЛЫ РУХ БЕЙНЕСІ

Былтыр Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры «Сәйгүлік» музыкалық драмасын сахналап, елді елең еткізді. Қазақтан шыққан тұңғыш бард ақын Табылды Досымовтың туғанына 60 жыл толуына арналған аталмыш туынды көпшіліктің көңілінен шықты. Steppe awards-2025 премиясында топ жарып, «Үздік спектакль» аталымын лайықты иеленді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бұл қойылым атауына көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Светқали Нұржанның өлеңіне жазылған Табылды Досымовтың елге белгілі әні арқау болды. Сол өлеңнің жазылғанына биыл 45 жыл болса, әннің туғанына 40 жылдан асты. Аталмыш туындыны ақын бар болғаны 19 жасында, композитор 20 жасында жазды. Сол уақытта екеуі де студент еді.

«Бұл – 1981 жылдың күзінде КазГУ-дың 8 жатақханасы, 306 бөлмеде дүниеге келген өлең. Ұлттың азаттығы өз алдына, рухтың азаттығы дейтін дүние бар. Рухтың азаттығы өзінің Құдайын, иесін аңсайды. Сол иеге деген ұмтылыс кезінде бейсаналы түрде жазылған өлеңдердің бірі. Жаным қиналған шақта түсіме тұлпар кіреді. Жайдақ мінген жылқым қайта-қайта жығып кете жаздап, алысқа алып кетіп бара жатады. Кейде ойлаймын, сол тұлпар мені жығып кеткен күні демім де таусылатын шығар» деген еді ақын бұл жөнінде бір сұхбатында.

«Сәйгүліктің» поэзия формасындағы алғашқы атауы – «Элегия». «Жалын» журналына басылған ақын өлеңдерінің топтамасындағы осы өлең Табылдының көзіне ерекше түсіп, сөйтіп 1985 жылы ән туған.

«Сәйгүлік» әні жылқыға, тұлпарға арналған екен деп көбі қателеседі. Светқали Нұржан тәуелсіздігімізді аңсап жазған. Әкемнің достарының айтуынша, «Сәйгүлік» әні Есенғали Раушановтың сөзіне жазылған «Қара бауыр қасқалдақ» әні секілді Желтоқсан оқиғасының алдыңғы шебінде орындалған ән екен. Демек, ол ұран болып шырқалған әндердің бірі болған» дейді бұл ән туралы Табылды Досымовтың ұлы Абыл Аяш.

Спектакльге келсек, жас актер, драматург Қазыбек Аманжолдың қаламынан туған туындыны талантты театр режиссері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Әли Бидахмет сахналады. Ал бас кейіпкер Табылды бейнесін Ақжол Амантай сомдады. Актер бард бейнесін тамаша алып шықты. Тіпті, даусына дейін айнытпай салып алған еді. Қойылымды өзіміз тамашалап, Табылды тіріліп келгендей күй кешкен едік. Премьераға арнайы қатысқан «Табылды Досымов» атындағы қоғамдық қордың басшысы Бижан Қалмағанбетов пен Табылдының курстасы, белгілі ақын Әбубәкір Смайылов та сондай күйде болғандарын айтты. Қысқасы, қойылым Табылдының жақындарын тебірентіп, толқытты.

Ақжол Амантай өткен жылы Ақтөбе қаласында ұйымдастырылған Табылды Досымов атындағы «Сәйгүлік» атты III республикалық байқауға да қатысып, арнайы жүлдеге де ие болды. Ерекше атап өтерлігі, актер бастапқыда музыкалық білім алған. Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжде оқып, «Музыка мұғалімі» мамандығын алды. Одан соң Қазақ ұлттық өнер университетінің «Актерлік өнер» мамандығына түсіп, ойдағыдай аяқтады. Студент күнінде Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрына қабылданды. Қазір жоғары санатты актер ретінде қызмет етіп келе жатыр.

Театр және кино өнерінде талай рөл сомдаса да, бір кейіпкер бейнесінде елдің сүйіктісіне айналған әртістер бар. Мәселен, Асанәлі Әшімов – Бекежан, Құман Тастанбеков – Төлеген, Меруерт Өтекешова – Жібек, Вячеслав Тихонов – Штирлиц... Осындай мысалдарды әлі де келтіруге болады. Өз басымыз Ақжол Амантайды Табылды Досымов бейнесінде елестетеміз. Әрине, мұнымен шектелмей, жұлдызын жандыра түсетін басқа да рөлдерді, өнерде сәйгүліктей шашасына шаң жұқпай, шабуын тілейміз.



Райхан РАХМЕТОВА



АЙНАЛАҢ ТАЗА БОЛҒАН ҚАНДАЙ ЖАҚСЫ…

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылдың 8 сәуірінде бастау алған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы биыл да жалғасын табуда. Президент негізін қалаған бастаманың мәні – жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастыру, сол бағытта қоғамдық сананы өзгерту.

Аталған акция аясында қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, ағаш отырғызу және аумақтардың санитарлық жағдайын жақсарту бағытындағы іс-шаралар халықтың белсенді қатысуымен еліміздің барлық өңірінде өткізіліп келеді. Бастама арқылы Қазақстан үздік халықаралық тәжірибеге сүйенеді, атап айтқанда, Жапония үлгісін өнеге етеді. Бұл мемлекетте көшелердің тазалығы, қалдықтарды сұрыптау және табиғатқа ұқыпты қарау ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналған. Экологиялық менталитеті дамыған елдерде мемлекеттік саясат ерте жастан тәрбиелеуге, жеке жауапкершілікке және қоғамдық кеңістікке құрметке негізделеді. Қазақстан да дәл осындай модельге ұмтылып, мектептер мен ЖОО-да экологиялық білім беру жүйесін енгізіп, волонтерлікті дамытуда, сондай-ақ осы бағыттағы ғылыми жобаларды қолдап, тәрбие бағдарламалары арқылы құндылықтарды қалыптастыруда.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің деректеріне сәйкес, «Таза Қазақстан» бастамасы аясында барлығы 1 294 іс-шара өткізіліп, 844 мың тонна қалдық жиналған, 1 млн гектар жер тазартылып, 2,9 млн ағаш отырғызылған. Аталған іс-шараларға 6,9 млн адам қатысқан.

Ал Астанада былтыр осы акция шеңберінде 800-ден астам экологиялық іс-шара өткізіліп, оларға 627 мыңнан астам қала тұрғыны қатысқан, бұл қала халқының шамамен үштен бірін құрайды. Сонымен қатар 120 мың тоннаға жуық түрлі қоқыс шығарылған. Су нысандарын қалпына келтіруге ерекше назар аударылған, яғни Есіл өзені, Нұра-Есіл арнасы, Ақбұлақ, Сарыбұлақ және Кіші Талдықөл жүйесі қалпына келтірілген. Заманауи биомелиорациялық технологияларды қолдану арқылы су айдындарынан 3 мың тоннадан астам әртүрлі қалдықтар шығарылған. Елорда әкімдігінің хабарлауынша, өткен жылы негізінен ірі көлемді ағаштар мен көпжылдық бұталардан тұратын 1,1 миллионнан астам өсімдік отырғызылып, бұл қалалық экожүйенің тұрақтылығына ықпал еткен. Саябақтарды, жағалауды, аллеяларды және негізгі даңғылдарды абаттандыру жобалары жүзеге асырылған.

Жақында Премьер-министр Олжас Бектенов қоршаған ортаны қорғау нормалары жаңа Конституцияда бекітілгенін және экологиялық жауапкершілік негізгі конституциялық қағидатқа айналатынын атап өтті.

– Қоршаған ортаны қорғау және табиғатқа ұқыпты қарау нормалары Ата заң деңгейінде бекітілді. Оларды іске асыру Президентіміздің экологиялық ахуалды жақсартып, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды көздейтін «Таза Қазақстан» бастамасын қолдауға бағытталған. Бұл орайда экологиялық жауапкершілік нақты құқықтық міндеттемелермен бірге негізгі конституциялық қағидатқа айналады. Экология министрлігі 1 сәуірге дейін Экологиялық кодекске тиісті түзетулерді Парламентке енгізсін, – деп атап өтті Премьер-министр.

Биылғы Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында қоршаған ортаны қорғауда цифрлық технологияларды қолдануға ерекше назар аударылуда. Осы ретте Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев «Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» жобасы жүзеге асырылғанын баяндады. Қалдықтарды басқару саласында EcoQolday цифрлық платформасы жұмыс істейді. Сондай-ақ бүгінде орман өртін ерте анықтау жүйесі енгізілуде, су тасқыны жағдайын болжау үшін «Қазгидромет» деректерімен интеграцияланған Tasqyn жүйесі қолданылуда. Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи мақтарындағы бақылау-өткізу пункттерін автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Табиғи ресурстар саласында Tabigat.gov.kz. интерактивті карта іске қосылды. Жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин ғарыштық мониторинг арқылы 2025 жылы 3 828 заңсыз қалдықтар жиналатын орын және 1 мыңнан астам қоқыс полигоны тіркелгенін баяндады. Жасанды интеллект пен қолда бар есептеу қуатын пайдалана отырып, кешенді тәсілдің қажеттігі атап өтілді. Цифрлық шешімдер енгізу «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын жүзеге асырудың ашықтығын, бақылау тиімділігін арттырады.



Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін «Таза Қазақстан» құндылығына баса назар аудара отырып, мектептерден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі барлық деңгейде экологиялық ағартудың бірыңғай стандартын әзірлеудің басталғаны туралы айтты. Осы ретте өңірлерде «Жасыл ел» бағдарламасы, «Жасыл клубтар» жобасымен қатар мектеп және мектептен тыс форматтар дамуда. Соған қоса ProEko экологиялық жобалар байқауы, «Жасыл балабақша» экологиялық бағыттағы мектепке дейінгі ұйымдар желісін дамыту жұмыстары атқарылуда. Сондай-ақ «Мен зерттеушімін» республикалық конкурстары, «Табиғатты аяла» жас экологтар форумы өткізіліп, ел өңірлерінде экологиялық акциялар, еріктілерге арналған оқыту семинарлары мен форумдар ұйымдастырылуда. Азаматтарға абаттандыру мәселелері мен экологиялық бұзушылықтар туралы хабарлауға мүмкіндік беретін @TazaQazBot телеграм-чат-боты арқылы өтінім беру сервисі жұмысын жалғастыруда. 2025 жылдың қыркүйегінен бері Астанада экологиялық мәдениетті дамытуға және қалдықтарды бөлек жинау тәжірибесін ілгерілетуге бағытталған алғашқы Эко-хаб жұмыс істей бастады.


Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова қазіргі уақытта барлық ЖОО-да экологиялық клубтар, студенттік экожасақтар құрылып, «Велосипед күні» өткізіліп жатқанын баяндады. Қоқысты бөлек жинау жобасы аясында 26 университетте бокстар мен биг-бэгтер орнатылып, қайта өңдеуге 36 тоннадан астам пластик жиналды.

Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев «Президенттің «Таза Қазақстан» бағдарламасы әрбір азамат үшін экологияны қорғаудың қаншалықты маңызды екенін іс жүзінде көрсетті» деп атап өтті.

– Біз – Қазақстан халқы біртұтас ұлтпыз және таза, тұрақты, жайлы елде өмір сүргіміз келеді, мемлекеттік басқаруды мықты ете отырып, Қазақстан деген тарихи жерімізде өмір сүреміз. Табиғатқа қамқорлық жасаудың маңызын конституциялық түрде бекіте отырып, біз қазіргі және болашақ ұрпақ алдында жауапкершілік танытамыз, – деді депутат.

Экологиялық акция басталғалы полиция қызметкерлері елордада 83 мыңнан астам заң бұзушылықты анықтады. Қоқысты заңсыз тастау, рұқсат етілмеген жерлерге ағынды суларды төгу, қоршаған ортаны ластауға байланысты басқа да заң бұзушылықтар басты назарда болды. Өткізіліп жатқан іс-шаралар халықтың экологиялық жауапкершілігін арттыруға, азаматтарды табиғат қорғау қызметіне тартуға және қоғамда экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыруға септік етуде.







Алтыншаш ТАБУЛДИНА,
Астана қалалық №5 емхана директоры, мәслихат депутаты:

БЕРЕКЕ МЕН ҚУАНЫШ КӨП БОЛСЫН!

– Көктемнің шуағымен бірге келетін, табиғатпен үндесіп, адамзатқа үміт пен қуаныш сыйлайтын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен сіздерді шын жүректен құттықтаймын! Бұл – ғасырлар қойнауынан жеткен, халқымыздың рухани тамырымен сабақтас, береке мен бірліктің, мейірім мен ізгіліктің символына айналған ерекше мереке. Осы бір жарқын мейрам әр шаңыраққа шаттық пен жылулық, әр отбасына амандық пен ырыс әкеліп, елордамыз тұрақты даму жолында өркендей берсін!

Өткен 2025 жыл біздің №5 қалалық емхана ұжымы үшін нақты өзгерістер кезеңі болды. Біз денсаулық сақтау саласында жүзеге асырылып жатқан реформалардың бел ортасында болып, Қазақстанда алғашқылардың бірі ретінде алғашқы медициналық-санитариялық көмекті жаңғыртуға бағытталған пилоттық жобаны толық енгіздік. Бұл жоба біз үшін тек өзгеріс емес, нақты нәтиже берген жұмыс болды. Қабылдауға жазылу уақыты қысқарып, дәрігерге қолжетімділік артты. Бұрын бірнеше күн күту қалыпты жағдай болса, қазір көптеген мәселе 1-2 күн ішінде шешілетін деңгейге жетті.

Сонымен қатар учаскелік қызмет қайта қаралып, дәрігердің жүктемесін тиімді бөлуге мүмкіндік жасалды. Үйге шақырулардың бір бөлігін мобильді бригадаларға беру арқылы дәрігердің қабылдауға көбірек уақыт бөлуіне жағдай жасалды. Бұл қабылдаудың сапасына тікелей әсер етті. Орта буын медицина қызметкерлерінің рөлі де жаңа деңгейге көтерілді. Медбикелердің қызметі нақты бағыттарға шоғырландырылып, олардың кәсіби құзыреті кеңейтілді. Бүгінде олар дербес қабылдау жүргізіп, күн сайын ондаған пациентке сапалы қызмет көрсетуде.

Бүгінде біз тек қол жеткізген нәтижелермен шектеліп қалмай, жұмысты әрі қарай жалғастырып келеміз. Денсаулық сақтау саласы үздіксіз дамуды талап етеді, сондықтан біз қызмет сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстарды тұрақты түрде жүргізіп отырмыз.

Құрметті елорда тұрғындары! Сіздердің денсаулығыңыз – біздің басты жауапкершілігіміз. Әрбір пациенттің сенімі біз үшін өте маңызды. Наурыз мейрамы әрқайсыңызға жаңа үміт, жақсы өзгерістер, мықты денсаулық әкелсін! Әр шаңырақта береке мен қуаныш болсын!

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!



Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ,
ақын, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің деканы, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕРЕКЕСІ

– Көктемнің шуақты лебі жан дүниені жаңартып, жүрекке жылу мен үміт сыйлай жеткен әз-Наурыз – халқымыздың ең қастерлі де қасиетті мерекелерінің бірі. Бұл – табиғаттың түлеп, Жер-ананың бусанып, тіршіліктің қайта жанданатын, адамзат атаулыға жаңару мен жасампаздықтың рухын әкелетін ерекше кезең. Ұлы даланың төсінде ғасырлар бойы тойланып келе жатқан бұл мейрам қазақ халқы үшін тек күн мен түннің теңелуі ғана емес, ол – жаңа жылдың бастауы, татулық пен бірліктің, ізгілік пен мейірімнің жарқын көрінісі. Наурыз – өткенге тағзым жасап, болашаққа үмітпен қарайтын ұлы белес. Бұл күні адамдар бір-біріне ақ тілегін арнап, өкпе-реніштің ұмытып, ағайын-туыс, көрші-қолаңмен қауышып, береке-бірліктің үлгісін көрсетеді. Ақ дастарқан жайылып, ұлттық тағамдар ұсынылып, наурыз көже әзірленіп, игі тілектер мен ақ баталар айтылады. Бұл – халқымыздың дархан көңілі мен кең пейілінің айқын айғағы.

Бүгінде елімізде Наурыз мерекесінің мазмұны жаңғырып, он күн бойы аталып өтуі – ұлттық құндылықтарымызды дәріптеудің, салт-дәстүрімізді ұлықтаудың жарқын көрінісі. Әр күннің өзіндік мәні мен мағынасы бар бұл мереке жас ұрпақтың санасына ұлттық рухты сіңіріп, тарихи жадымызды жаңғыртуға зор мүмкіндік береді.

Ұлыс күні әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш, құт-береке мен молшылық әкелсін. Жаңарған жыл жаңа мүмкіндіктердің, жарқын жетістіктердің бастауы болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, аспанымыз ашық болғай! Ынтымағы жарасқан халқымыздың бірлігі бекем, тәуелсіз еліміздің тұғыры биік болсын! Әз-Наурыз әр жүрекке жылылық ұялатып, әр шаңыраққа бақыт пен береке, елімізге тыныштық пен өркендеу әкелсін!

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!

Төлен ТІЛЕУБАЙ



ЖАСТАРДЫ НАУРЫЗҒА ҚАЛАЙ ҚЫЗЫҚТЫРАМЫЗ?

Ұлыстың ұлы күнін жаңаша тойлау, ұлттық мейрамымызды жасөспірімдер мен жастар қызығатындай етіп өткізу туралы ой-пікірлерім мен нақты ұсыныстарымды жазып, қоғамның талқысына шығарып жүргеніме 8 жылдай уақыт өтті. Бұл сөзіме БАҚ-тағы мақалаларым, әлеуметтік желілердегі жазбаларым («Наурызды жаңаша тойлау», «Астана ақшамы», №34-35, 22 наурыз, 2018 жыл; «Наурыздың насихаты мен нақ сипаты», «Астана ақшамы», №32, 20 наурыз, 2019 жыл; «Балалар Наурызға неге қызықпайды?», «Астана ақшамы», №33-34, 21 наурыз, 2023 жыл) дәлел бола алады.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2024 жылы қабылданған тұжырымдамаға сәйкес, Ұлыстың ұлы күні елімізде 10 күн тойланатын болды. Онкүндік аясында ел аумағында 10 мыңнан астам мәдени, спорттық және қайырымдылық іс-шаралар өтеді. Наурызнаманың әр күні түрлі тақырыпқа арналып, ұлттық салт-дәстүрлер мен құндылықтарды дәріптеуге бағытталады. Бұл көпкүндік тойлау дәстүрі халқымыздың мәдени мұрасымен де үндеседі. Бір қуанарлығы, ұлттық мейрамның жаңаруының жаршысындай үш қызғалдақ бейнеленген логотипі бекітілді. Бұл – тамаша таңдау, себебі қызғалдақ – сұлу көктемнің, жаңа күннің, тынымсыз тіршіліктің символы.

Енді бозбала-бойжеткендерді Ұлыс күніне қалай қызықтырамыз дегенге келейік. Наурыз – дәстүрімізді дәріптейтін, ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын, салт-дәстүрлерімізді жандандыратын мейрам. Міне, осы жерде қазақтың «ұйқыашар» деген дәстүрін жаңғыртатын тамаша мүмкіндік бар. Отбасы құндылықтары насихатталатын Шаңырақ күнінде бойжеткендер бозбалаларға әдемі қорапқа салып, ұлттық тағамдар (жент, талқан, құрт, ірімшік, т. б.) ұсынса, ол заманауи «ұйқыашар» дәм болар еді. Ал бозбалалар мен жігіттер қыздардың қолақысының қарымтасына орамал, айна, тарақ, иіс су секілді бұйымдардан тұратын «селт еткізер», «дір еткізер» сыйлықтар берсе қандай керемет! Өйткені айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік пен сұлулықтың, иіс су – бүршік жарған жауқазындай құлпыру мен жайнай түсудің белгісі. Кішкентай болса да, шын көңілден берілген сыйлық кез келген бозбала мен бойжеткенді селт еткізері сөзсіз.

Екіншіден, Әз-Наурыз жастардың сағынып күтетін мерекесіне айналуы үшін қыз-келіншектерге гүл сыйлау үрдісін қалыптастырсақ құба-құп. Мысалы, Ұлттық киім күні, жыл басында (22 наурыз күні) ең әдемі ұлттық киім киіп шыққан бойжеткендерге ер-азаматтар жауқазын, қалампыр, бәйшешек, раушан гүлдерін сыйласа қандай жарасымды! Әрбір ұжым, мекемеде ең әдемі ұлттық киім киіп жүрген бойжеткенді жаппай дауыс беру арқылы анықтап, оған бағалы сыйлықпен қатар гүл шоқтарын ұсынса деймін. Гүл қыздардың көңілін көтеріп қана қоймай, жылылық, құштарлық, әсемдік сезімдерін оятады. Биылғы Наурызнама бағдарламасында «Ұлттық киімдегі бір күн» деп аталатын челлендж бар екен. Осы челлендж аясында ұлттық киім киіп, жігіттер қыздарға гүл сыйласа жұрттың назарын бірден аударар еді. Әлеуметтік желілерде таралатын бейнежазбаларда ұлттық киім киіп, қолына гүл ұстап тұрған бойжеткендердің сәні одан әрі арта түспей ме?! Мұндай қадам 8 наурыздан кейін бәсеңдеп қалған гүл сату бизнесінің де көрігін қайта қыздырады. Қазір флешмоб, челлендж деген нәрселер – трендке айналған заман. Міне, осындай мерекелік жиындардың сән-салтанатын гүлмен көмкерсек, нұр үстіне нұр болар еді. Сондай-ақ барлық мектептер мен оқу орындарының алдындағы алаңда «Қара жорғаны» топтасып билеу челленджін өткізсек, рухани жаңғыруымыздың бір шынайы көрінісі болар еді. Мектептерде, оқу орындарында қазақтың ұлттық билерінен (қамажай, ұтыс би, шалқыма, қаз-қатар, мерген биі және т.б.) жарыс өткізуге болады.



Төртіншіден, 18 наурыз – Ұлттық киім күнінде жастар арасында заманауи ұлттық киім үлгілерінен (арнайы қазақ тігіншілері тіккен, этнодизайнерлер пішкен киімді ғана алса) сән байқауын, фестиваль өткізуді ізгі дәстүрге айналдырсақ, ұтарымыз анық. Мұндай байқауды әр мектеп, колледж, университет жеке-жеке өткізіп, олардың жеңімпаздары қалалық, республикалық байқауға жолдама алып, ақтық сында өз ұжымының намысын қорғаса қандай керемет! Ұлыстың ұлы күні жалпыхалықтық мейрам болып санамызға сіңсін десек, Наурыз айы туғаннан бастап көшеде, жұмыста ұлттық киімдерімізді киіп жүруіміз керек. Бір қынжылатыным, біз ұлттық киімді пакетке, сөмкеге салып әкеліп, 1 сағаттық жасанды көрініске киеміз де, үйге апарып іле саламыз. Тіпті үйде ұлттық киім болмаса, алаңдағы мерекелік жиынға барып, киіз үйге кіріп, біреудің іліп қойған киімдерімен суретке түсеміз. Сөйтіп, әлеуметтік желілерге сол суреттерімізді жариялап, мәз боламыз. Меніңше, Ұлттық киім күні музейде, университетте я болмаса бір ұжымда ғана ұлттық киім киіп жүру дұрыс емес. Бұл – көшеде наурыз көже таратумен бірдей, жасандылықтың бірі. Ең үздік киім үлгісіне әділ байқауда бағалы сыйлық алған бойжеткеннің Наурызға деген қызығушылығы артады. Келесі жылы одан да әсем көйлектерін тіктіріп, сән сайысына ертерек дайындалады.

Бесіншіден, жастар Ұлыс күніне қызықсын десек, алтыбақан ұлттық ойынын сән-салтанатымен өткізудің бағдарламасын жасау керек. Ертеде Наурызды қарсы аларда жастар алтыбақан басында түнімен әртүрлі ұлттық ойындар ойнап, айтысқан. Бұл кеште айтылмаған ән, тартылмаған күй, жұртқа танылмаған шешен қалмаған. Бір-біріне қарама-қарсы отырып, алтыбақан тепкен бозбала-бойжеткендер ән бастайды, ал қалғандары сол әнге қосылады. Айлы түнде шарықтап тепкен алтыбақан мен әуелеген әсем ән – Наурыздың сәні. Жастар қай кезде де ән салғанды, ән тыңдағанды ұнатады. Алтыбақанға дәстүрлі әншілерді де шақырса, құба-құп. Солтүстік және орталық өңірлерде қыс мезгілі алты айға созылатындықтан, алтыбақанды стадион, сауда үйі, спорт сарайы, театр ғимаратына тіккен абзал. Ал оңтүстік өңірлерде наурызда күн жылынып, жаз шығады.

Қазақтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурызда даланы Қызыр аралайды дейді. Сол себептен бұл түнді «Қызыр түні» деп атаған. Қызыр баба – адамға бақ қондырып, дәулет дарытатын ақсақал кейіпіндегі қиял-ғажайып кейіпкер. Жақсылықтың жаршысы, жаңа туған күннің символы – Қызыр атаның назары жерге түссе, тоң кеудесін жібітіп жібереді екен. Міне, осы Қызыр түнін жастарды ұлық мейрамға қызықтыруға пайдалануға болады. Түні бойы алтыбақан басында сауық-сайран құрған жастар таң атқанда биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алса. Жаңа күнді қарсы алу салтын осылайша қайта тірілтуге мүмкіндік мол. Қазіргі мерекелік отшашудың орнына осындай көктемнің келуін, жаңа жылдың басталуын бейнелейтін көріністер енгізсек, ұлттық құндылықтарымыз жаңғыра түсері хақ.

Наурыздың бар сән-салтанатын жастар үшін күшейте түсеміз десек, еліміздегі жастар қатысатын білім беру, ғылым, өнер, спорт және т. б. алуан түрлі сайыстың ақтық жарысын Ұлыстың ұлы күнінде өткізу керек. «Қыз сыны», «Жігіттің сұлтаны», «Қазақстан барысы» дегендердің орнына «Наурыз аруы», «Наурыз сұлтаны», «Наурыз палуаны», «Жыл оқушысы», «Жылдың үздік әншісі», «Жыл авторы» деген ұлттық байқауларды жеңімпаздарын Ұлыс күнінде марапаттау жаңарған мейрамның қадір-қасиетін арттыра түседі. Мұндай байқаулардан әзірше бағдарламада Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында өтетін «Наурыз сыйлығы» ұлттық сыйлығы ғана бар. Мысалы, «Ауыл» партиясы дәстүрлі түрде «Батамен ел көгерер» республикалық батагөйлер сайысын өткізіп жүр. Осыған ұқсас «Қыз бен жігіт айтысы», «Өлі мен тірінің айтысы» сияқты ұлттық байқауларды да ұйымдастырса жақсы болар еді. Негізі, білім мен ғылым, өнер мен спорт жарыстарының қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды марапаттауды 21-22 наурыз күндері өткізсек қандай ғанибет! Мысалы, әдебиеттегі «Айбоз» ұлттық сыйлығын, Президенттің арнайы сыйлығын Ұлыстың ұлы күнінде тапсырма тамаша жарасымды емес пе?! Я болмаса Ұлттық спорт күнінде ұлттық ойындардың республикалық деңгейдегі жарысын да жоғары деңгейде ұйымдастыруға болады. Ол үшін арнайы бағдарлама жасалса.

Кез келген қыз-жігіттер кино көруден жалықпайды. Сол себептен Ұлыс күнінде еліміздегі барлық кинотеатр мен кинозалда ұлттық кино апталығын өткізуді Мәдениет және спорт министрлігі қолға алса деймін. Үздік ұлттық кинолардың тізімін жасап, билеттеріне мерекелік жеңілдіктер енгізіп, жастарды кино көруге жұмылдыруға таптырмайтын уақыт – осы кез. Сондай-ақ қазақстандық жас жазушылар, суретшілер мен мүсіншілердің туындыларының тұсаукесері, қолөнершілер жәрмеңкесі, ұлттық тағамдар фестивалі ұйымдастырылса, ол жерлерге де жастар көптеп шоғырланатынына күмәнім жоқ.

Ұлыстың ұлы күніне жастарды қызықтыра түсудің тағы бір өзгеше жолын айтайын. Көбіміз Наурыз жырындағы:

«Құл құтылар құрықтан,
Күң құтылар сырықтан» деген сөздердің қайдан шыққанын біле бермейміз. Ежелгі түркілердің ғажайып дәстүрі көп. Соның бірі – 6 күн садақ тарту, алтын жамбы ату. Бабаларымыз Ұлыс күні үстіне жаңа киімін киіп, сақал-мұртын түзеп, шашын алады. Алты күн садақ тартып машықтанған соң, жетінші күні алтын теңге – жамбы атып жарысады. Егер кімде-кім бірінші болып жамбыны атып түсірсе, сол адамға 1 күн елге патша болып, билік етуге ерік беріледі. Сол замандағы патшалар қандай мейірбан, қарапайым болған десеңізші! Айтпақшы, Ұлыс күні ертеде гректердің патшасы да алтын тағынан түсіп, қол астындағы өзіне ұнаған құлына бір күн ел басқартқан. Наурыз күні ертедегі Иран патшасы да қол астындағы адамдардың біріне патша шапанын сыйға тартады екен. Мінеки, осынау дәстүрді заманауи үлгіде жаңғыртып, мектеп, колледж, университет бірінші басшылары үздік оқитын, белсенді жастарды таңдап алып, Наурызнама онкүндігінде бір күнге өзінің қызметін берсе, яғни мектепке немесе университетке билік етуге ерік берсе ғажап болар еді. Бұл үрдіс жауапкершілік, іскерлік, адалдық, әділдік сияқты қасиеттерді жастардың бойына сіңіруге сеп болатыны анық. Осылайша, Ұлыс күн жастардың асыға күтетін, ең сүйікті мейрамына айналады.

P.S: ***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Наурыз мейрамымен құттықтаған сөзінде: «Ұлыстың ұлы күні – жаңа өмірдің жаршысы. Бұл мейрамды халқымыз тұтас ел болып, бір ұлт болып түгел тойлайды. Наурыз кезінде бүкіл елге ортақ құндылықтар дәріптеледі. Яғни Әз-Наурыз – нағыз халықтық мейрам» деп Ұлыс күнінің мән-мазмұнын ашып көрсетіп берді. Ал Наурыз шын мәнісіндегі халықтық мейрам болуы үшін, оны балалар да, жастар да тағатсыздана күтіп, ерекше ынтығып тойлап, қимай қоштасуы керек. Сол кезде бұл мейрам ұлттық жаңғыруымыздың нақты көрсеткіші бола алады.***

ОЮ-ӨРНЕК – ҰЛТТЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ КОДЫ

Бүгінде қазақ қоғамында ұлттық бірегейлікке деген бетбұрыс ерекше. Кеше сахна киімі саналған шапандар бүгін кеңсе мен күнделікті өмірдің сәніне айналды. Осы көштің басында тұрған, 30 жыл бойы ұлттық оюдың «әліппесін» зерттеп, оны отандық сән трендіне айналдырған танымал этнодизайнер, Hazifa ethno брендінің авторы Қазипа МҰХАМЕТҚАЛИМЕН сұхбаттасқан едік.



– Қазипа Қалиқызы, сіздің есіміңіз ұлттық сән өнерінде брендке айналды. Бәрі неден басталды? Бұл салаға қалай келдіңіз?

– 30 жыл бұрын бәрі бүгінгідей дайын емес еді. Ол кезде ұлттық киім тек Наурыз мейрамында немесе сахнада ғана киілетін. Бірақ мен оюдың бойындағы құдіретті сезіндім. Мен үшін ою-өрнек жай ғана әдемі сызықтар жиынтығы емес, ол – бабалардың бізге қалдырған аманаты, тұтас бір тіл мен философия. Осы уақыт ішінде мен оюды жай ғана сән элементі ретінде емес, композиция тұтастығы, мағынаның тереңдігі ретінде зерттедім. Ұлттық қолөнерді заманға бейімдеу – өмірлік миссиям.

– Шығармашылық қоржыныңызда 1000-ға жуық авторлық ою-өрнек барын білеміз. Мұншама дүниені қалай жүйелейсіз?

– Иә, бұл – 30 жылдық үздіксіз ізденістің жемісі. Мен әр оюды заман талабына сай жаңаша түрлендіріп, композициялаймын. Оларды тек киімге ғана емес, мата дизайнына, үй интерьеріне, тұрмыс бұйымдарына енгізіп жүрмін. Мақсатым – қазақ оюының әр үйде, әр адамның күнделікті өмірінде болғаны.

– Сізді «ұлттық сәнге инновация әкелген жан» деп айтады. Нақты қандай жаңашылдықтарды алғаш болып енгіздіңіз?

– Мысалы, көйлек тігуде органза мен сетка материалдарын ұлттық нақышпен үйлестіруді алғашқылардың бірі болып бастадым. Бұл маталардың жеңілдігі мен оюдың салмағы ерекше эстетика береді. Сондай-ақ 100-ден астам бұйымнан тұратын кестеленген үй жабдықтарының үлкен топтамасын жасап шығардым. Бұл – бұрын-соңды болмаған, аналогы жоқ жоба. Қазір менің авторлық композициямен басылған маталарға сұраныс өте жоғары. 70-тен астам киім үлгісі, 50-ден аса мата дизайны жасалды және олардың ешқайсысы бірін-бірі қайталамайды.

– Өндіріс жайына келсек, маталарыңызды Түркияда дайындататыныңызды айттыңыз. Отандық жеңіл өнеркәсіптің әлеуеті бұған жетпей ме?

– Өкінішке қарай, солай. Бізде матаға жоғары сапалы принт жасау, кестелеу және таңбалау әдістері әлі де кенжелеп тұр. Түркияның технология мүмкіндігі жоғары, сондықтан сапа үшін сонда тапсырыс беремін. Бірақ болашақта осындай өндірісті елімізде ашу – басты арманымның бірі.

– Қазипа Қалиқызы, қазір нарықта ұлттық киім көп, бірақ сапасы мен мазмұны әртүрлі. Осы ретте авторлық құқық мәселесі өзіңізді қаншалықты мазалайды?

– Бұл – өте ауыр тақырып. Көптеген дизайнер дайын оюды интернеттен ала салады немесе өзгелердің еңбегін көшіреді. Менің 1000-ға жуық ою-өрнегімнің әрқайсысы – авторлық туынды. Олардың композициясы, пропорциясы, сызықтарының үйлесімі заңмен қорғалған. Өкінішке қарай, «ұлттық мұра бәріне ортақ» деген желеумен авторлық еңбекті меншіктеп алатындар кездеседі. Бірақ ұлттық мұра ортақ болғанмен, сол мұраны жаңаша өңдеп, дизайн жасаған адамның еңбегі – жеке меншік. Біз әрбір үлгімізге авторлық куәлік алып, құқық жағынан қорғап отырамыз. Өз қолтаңбаңды қалыптастыру үшін жылдар керек, ал оны біреудің рұқсатсыз иеленуі кәсіпкерлік этикаға жатпайды.

– Мемлекет тарапынан этнодизайнерлерге, ұлттық қолөнерді кәсіпке айналдырған жандарға қолдау сезіле ме?

– Соңғы жылдары серпін бар. Дегенмен бізге тек гранттар мен көрмелер емес, жүйелі инфрақұрылым қажет. Мысалы, жеңіл өнеркәсіпті жандандырып, мата шығаратын зауыттарды заманауи техникамен жабдықтаса, біз Түркияға ақша төлемес едік. Сондай-ақ ұлттық киім өндірушілерге салық жеңілдігі немесе «Қазақстанда жасалған» брендін әлемдік нарыққа шығарудың нақты тетігі болса, біздің мүмкіндігіміз бұдан да зор болар еді. Ұлттық бренд – елдің имиджі, сондықтан осы салаға стратегиялық инвестиция ретінде қарау керек.

– Бүгінде «Айдай», «Айжұлдыз», «Батыр» сынды топтамаларыңыз ел аузында. Халықтың талғамы қалай өзгеріп жатыр?

– Қазір халықтың ұлттық санасы өсті. Бұрын «шапан кию ұят емес пе?» дейтіндер болса, қазір «қайдан алсам болады?» деп іздейді. Әсіресе жастар үшін заманауи бомберлер мен жилеттерді ұлттық нақышта шығардық, бұл бағыт нағыз хитке айналды. Ал ерлерге арналған «Айбат», «Еркін» сериялары – ресми кездесулердің сәні.

– Сіздің киімдеріңізді киіп қана қоймай, сол арқылы кәсібін дөңгелетіп отырғандар да бар екен...

– Иә, біз тек тікпейміз, біз тәрбиелейміз де. Жоғары оқу орнының дизайн кафедраларымен серіктеспіз, студенттер бізден тәжірибе алады. Сонымен қатар киімдерімді сатып алып, өз өңірінде бренд ретінде дамытып отырған кәсіпкерлер де бар. Қазір франшиза жүйесіне көшу жұмысын бастап жатырмыз.

– Бизнестегі әйелдің рөлі туралы пікіріңіз қандай? Сән мен бизнесті қатар алып жүру қиын емес пе?

– Әйел табиғатынан эстетикаға жақын. Сондықтан әйелдер бизнеске тек ақша емес, жылу мен сапа әкеледі. Қазіргі қоғамда әйел тек отбасының ұйытқысы емес, мықты стратег, жауапты кәсіпкер екенін дәлелдеді. 30 жылдық тәжірибемде ұқыптылық пен шыдамдылық кез келген қиындықты жеңетініне көзім жетті.

– Ұлттық мұраны ұлықтау жолындағы еңбегіңіз жана берсін!

Сұхбаттасқан
Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

СҰЛУЛЫҚ ПЕН СӘН САЛТАНАТ ҚҰРДЫ

Ұлттық киім күніне орай Астанада «Әсем fashion» қалалық байқауы өтті. Сұлулық пен ұлттық сән үлгісі салтанат құрған іс-шараға жас дизайнерлер, тәрбиешілер мен мәдени мұрадан шабыт алатын көпшілік қауым қатысты.



Елордадағы кәсіптік-техникалық колледж директоры Римма Иманғазинаның айтуынша, талантты студенттерді қолдауға, ұлттық нақыштағы киімдерді насихаттауға және жастардың жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылығын арттыруға бағытталған жоба биыл екінші жыл қатарынан өтіп отыр және бұл жолы қатысушылар саны едәуір артқан.

– Биыл болашақ дизайнерлер – елордалық колледж студенттері мен әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының тәрбиеленушілері өз жұмысын ұсынды. Байқау барысында әр оқу орны 12 костюм дайындады, жас сәнгерлер тағы 10 киімді сахнада көрсетуге мүмкіндік алды. Бұл жолы ұрпақтар сабақтастығы идеясына ерекше назар аударылды. Жастармен бірге подиумға Нұра ауданындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қатысушылары да шығып, көрерменге жылулық пен шынайылық сыйлады, – деді колледж директоры.



Конкурсқа қатысушы, колледждің 2-курс студенті Аружан Қабдешова дайындықтың бірнеше айға созылғанын, енді, міне, сол оқу жылының басынан бастап атқарылған жұмыстардың нәтижесін қуана көрсетіп жатқанын, бұл ретте екі топтама, яғни дәстүрлі киімге және заманауи келбетке арналған киім үлгілері көрсетілгенін атап өтті.

Осылайша, «Әсем fashion» жай ғана сән көрсетілімі емес, ұрпақтар сабақтастығы, шығармашылық ізденіс пен заманауи сән тіліндегі ұлттық дәстүрлерді қайта ұғыну алаңына айналды.

Әсел ЖҰМАҒҰЛОВА

№33 (4931) 21/03/2026 Сенбі



Әз-Наурыз, қандай көркем, сүйікті едің...

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

Жарқ-жұрқ еткен жарығым жанар арбап,
Бір жыр жазып қояйын саған арнап.
Ай таңбалы арғымақ Ай астында –
Айдай жүзіп барады ағараңдап…

Жылап аққан жылтырап жылға басы,
Айыл жиып, айкезбе түнде адасып…
Ай таңбалы арғымақ, айналайын,
Далаға ынтық, екеуміз қырға ғашық.

Тағдырынан сый күткен бір шамалы,
Ақбозымды қай түнек тұмшалады?
Ай таңбалы арғымақ Ай астында –
Құйрық-жалын тараған түн самалы.

Ай таңбалы… арманын айта алмады,
Құс әніндей құйқылжып қайтардағы.
Таңбаң айдай, сен неткен бақыттысың –
Мендегі ешкім көрмейді Ай таңбаны.

Серік болар пырағым саналы ұлға,
Қандай жазу бар екен таланыңда?
Өрге белден бебеулеп қосыласың,
Дөңгеленген дүние – жанарыңда.

Арғымағым, арман не – Ай таңбаң бар,
Анық ақын – айтарын айта алғандар.
…Ай таңбалы арман да – Ай астында,
Айналайын, меселін қайтармаңдар!

Байғыз бұлбұл болмайды сайрағаннан,
Кешемін деп жүрсің бе қайыра жалған?..
Ақиқатың өлмесе қайда қалған –
Ай таңбалы арғымақ – Айдай арман…

Сана құйған саңлағым санаңа аруақ,
Бір жыр жазып кетейін саған арнап.
Ай таңбалы арғымақ Ай астында –
Айдай жүзіп барады ағараңдап…

Дәулеткерей КӘПҰЛЫ

Көктем, мен сені күткелі қашан?!
Арайлап атар тылсым ақ таңда,
Көгершін қонақтар күншуақтарға,
Балауса қайыңдар бүршік атқанда,
Таңшымшық сайраған жыршы бақтарға,
Көгертіп келерсің, көңіліңді айтып,
Соңғы демі үзілген қыршын ақ қарға!

Көктем, мен сені көргім келеді!
Сәмбітал самалмен ырғаларында,
Сағыныш сарғалдақ гүл қабағында,
Бүлкілдеп қайнардың тұнбаларында,
Ойнақ сап бұлақтың жылғаларында,
Сұлудың сыңғырла сырғаларында,
Арудың күлімде мұң жанарында!

Көктем, сенің бір атың – өмір ғой!
Қаңқылдап жанымның сары ала қаздары,
Аңқылдап анамның ақ жүрек, әз жаны,
Қызғалдақ иісінен сезіліп жаз дәмі,
Тырнаның дауысында сағыныш саздары.
Аналар қуансын, арулар гүл алсын,
Көктем, сенсің ғой, тіршілік маздағы!

P.S.
Нұрыңа малшынсам, тілектей тұнық,
Сезімге мас болған жүректей тынып.
Көктем, жарығым, кешікпей кел, енді,
Ақынның жүрегі шым етпей тұрып!

Мақпал МЫСА

Әз-Наурыз!
жеткіздің жылы күнге,
Байтағымның толады қыры гүлге.
Ән шалқиды аққудың қанатында,
Күй шалқиды дүлдүлдің дүбірінде.

Бақытыммен кезіктір
шіркін, көктем,
Бұлақтар-ай,
әсем еді күлкің неткен!
Ақ жаулықты әжемнің сақтағанын
Қазанымда күн осы бүлкілдеткен.

Бал қаймағын бақыттың шайқа, құрбым,
Арманымды ақын боп айта білдім.
Мейманасын тасытып,
Әз-Наурыз,
Шаттық боп қақ есігін байтағымның!

Ақ құсымды аялап тағы ұшайын,
Ақ тілекті жандармен танысайын.
Ұлы күні Ұлыстың арда жырдың
Көздерінен өлең боп қауышайын!

Арман ШЕРИЗАТ

Қауыз жарған гүл секілді таңда алғаш,
Қалың ұйқы көтеруде қардан бас.
Жер-ананың соғып жатты кеудесін,
Қыз-қайыңның кірпігінен тамған жас.

Мынау дала жарасым ғой, жан ұғыс,
Әр бүршікте жатыр көктем жарып іш.
Құшағында тербетіп тұр ғаламды,
Құс үнімен жеткен ұлы сағыныш.

Көктем күткен көңіліме гүл бітіп,
Жарқ етсе күн, мөлт етеді түнгі шық.
Хош аңқыған қиялымның ішінде,
Ақ көбелек, балалығым жүрді ұшып.

Балалық-ай, қол бұлғаған бөктерден,
Өмір өзі бастау алған көктемнен.
Әр адамның ішінде асқақ көктем бар,
Сағыныштан күзге айналып кеткенмен.

Ару – көктем, бақытыңа бөле бір,
Кеудем іші күмбірлейді көне жыр.
Қара жердің жарып шыққан құрсағын,
Мен көктемнің ақынымын, ей, өмір!

Лаура ПАЛМАН

Наурызым,
Түгелдей саған ғашық, сірә, ғалам,
Тірлікті тірілтесің тұралаған…
Алысқа жылдап кетіп, оралатын,
Ата-анам сияқтысың мына маған.

Сен келсең түсер еске мекен өскен,
(Желің-ай «алтын күрек» бекер ескен)…
…Бәйшешек қылтияды қар астында,
Дәл мендей «мезгілдерден» қателескен.

Қысқа еріп кетер ме екен «наза», уайым,
Сен келсең жаңарайын, тазарайын.
(Қызыр қонған бір жылы төріме кеп,
Қызғалдағым туған ай – ғажап айым!)

Сүйемін сенде жауған жауынды шын,
(Науша жыр жазғандардың жанын түсін!)
Бар жақсы сезімдерді «селк еткізген»,
Алғашқы махаббаттай қадірлісің!

Әр таңда тұратұғын күліп көгі,
Әз-Наурыз, қандай көркем, сүйікті едің?
Сыршыл ай, мен өзіңе ұқсағанмын,
Жыл сайын жаңаратын үміттері.

(«Наурызша» қар кете алмай «жылап» тұр ма,
Гүл-сезім, жүректерде бүр аттың ба?)
…Әруақ қонатындай «Наурызкөк» боп,
Шаңырақ толатындай шуақ, нұрға…
Қандай ғажап ай едің?!

Назгүл АЛАУДИН

Сүйінші сұрайды барлығы,
Көктемнің келгенін хабарлап.
Сезіне алар ма жан мұны,
Бұл көктем сыйлай ма маған бақ?

Жаңа күн – көктемнің жаршысы,
Жылуын төгеді күн де әсте.
Ақпай ма жанардың тамшысы,
Бұл көктем сыйлай ма гүл дәсте?

Өкпені қалдырып өткенге,
Жақын ғып жүргенді жатсынып.
Тоң басқан қар еріп кеткенде,
Бұл көктем сыйлай ма жақсылық?

Көңілдің тұманын басатын,
Жандантып сезімді тапталған.
Сарайын көңілдің ашатын,
Бұл көктем сыйлай ма тәтті арман?

Сан арман тек алға жетелер,
Тұрса да ойында бір күдік.
Қылығын қыздың да көтерер,
Бұл көктем сыйлай ма бір үміт?



АУРУ – АСТАН

МЕКТЕП МӘЗІРІНЕ МӘН БЕРСЕК...

Биыл елімізде бастауыш сыныптың 1,4 млн оқушысы тегін тамақпен қамтамасыз етілген. Оның ішінде Астана қаласы бойынша барлығы 111 991 бала ақысыз негізде тамақтанады. Былтыр енгізілген жаңа стандарт бойынша қазіргі мектеп мәзірінде тұз бен қант мөлшері азайып, кейбір тағам түрлері алынып тасталған. Алайда мәзір өзгергенмен, көңіл көншітпейтін олқылықтар азаймай тұр. Бүгінде балаға берілетін тегін тағам желінбей, қоқысқа кетіп жатыр. Тағам сапасына қатысты шағым қайтсе тыйылады?

Енді өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығы ішіп-жеген тағамына тікелей тәуелді. Мұндайда мектеп мәзіріндегі азық-түліктің сапасы ұлт саулығының келешегін айқындайды. Бірақ бүгінде мектептегі тағамның сапасыздығы мен санитарлық нормалардың бұзылуы секілді түйткілдер жойылар емес. Салдарынан бүгінде Қазақстанда 6-9 жас аралығындағы әрбір бесінші бала артық салмақпен өмір сүреді. Мұны мәлімдеген Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы басқарма төрағасының орынбасары Салтанат Назарова артық салмақтың таралуды бақылау COSI (балалардағы семіздік бойынша зерттеу бастамасы) зерттеуі аясында жүзеге асырылатынын айтты.

– Мектепте тамақтандыру балалардың денсаулығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Соңғы зерттеулерге сәйкес, балалардың шамамен 7%-ы семіздіктен зардап шегеді, ал 5%-ында салмақ жетіспеушілігі бар. Олардың 60%-дан астамы жемістер мен көкөністерді жеткіліксіз тұтынады, ал 25,5%-ы күнделікті таңғы ас ішпейді. 15 жастағы жасөспірімдердің тіпті 50%-дан астамы таңғы ас ішпейді. Сонымен қатар балалар мен жасөспірімдер арасында қант қосылған сусындарды тұтыну өсуде. Олардың шамамен 17%-ы күн сайын осындай сусындарды ішсе, 60%-ы апта сайын 4-7 реттен тәтті сусындарды ішуді құп көреді. Тағы бір зерттеуге сәйкес, 11-15 жастағы мектеп жасындағы балалардың шамамен 40%-ы энергетика сусындарын ішеді, – деді С.Назарова.

БАЛАНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ ЕСКЕРІЛЕ МЕ?

Оқушыларды сапасы күмәнді әрі арзан азық-түлікпен тамақтандыруға болмайтыны сөзсіз. Осы мақсатта мектеп рационының тағамдық құндылығын, қауіпсіздігін, құнарлылығын, әртүрлілігін ескере отырып, оны жақсарту мақсатында жаңа стандарт әзірленді. Бірақ стандарт өзгере келе, қалдық көлемі де көбейе түсті. Себебі мәзір құрамындағы тағамдардағы қант, тұз, қаныққан май нормалары шамамен 2 есе азайды, 75% өсімдік тектес өнімдерді пайдалану ұсынылды (25%-ы – жарма, макарон, ұн және 50%-ы – көкөністер мен жемістер). Оқушылардың жас ерекшелігіне және физиологиялық қажеттілік нормаларына сәйкес, 6-10 жас аралығындағы оқушылардың тәуліктік энергияға қажеттілігі 2100 ккалды құраса, 11-14 жаста – 2400 ккал, 15-18 жаста – тәулігіне 2800 ккал. Мектепте бір рет тамақтану барысында оқушылар күнделікті калорияның 25%-ын алады. Осыған байланысты жақында республиканың бірқатар өңіріндегі мектеп асханаларындағы ас мәзірін тексеріп келген Мәжіліс депутаты Екатерина Смолякова мәселе стандарттың өзінде емес деген пікірде.

– Стандарт дұрыс. Онда баланың денсаулығына қажетті барлық пайдалы да құнарлы нәрсе қарастырылған. Мәселе оны қалай енгізіп жатқанымызда дегім келеді. Біз бірнеше аймақта болып, мектеп асханаларының жұмысымен таныстық. Сонда көргенім, қағаз жүзінде мәзір дұрыс, бәрі талапқа сай. Бірақ іс жүзінде жағдай басқа. Кей жерде бөлінетін қаржы жеткіліксіз, кей жерде мәзір балалардың талғамына сай емес. Мысалы, бір мектепте асхана қызметкері: «балаларға стандарт бойынша бәрін дайындаймыз. Мәселен, «ленивые голубцы» деп аталатын тамақ бар. Оны қанша пісірсе де балалар жемейді. Сосын тамақ қоқысқа кетеді» деп ашық айтқан еді. Бұл жерде мәселе бақылауда ғана емес, тамақты ұсыну тәсілінде. Біз мәзірді кабинетте отырып бекітеміз, бірақ оны жейтін баланың өзінен «сен мына тамақты жейсің бе?» деп сұрамаймыз. Балаларға пайдалы тамақ беру керек, бірақ ол балаға жеуге сүйкімді, түрінің өзі тәбетін ашатындай болуы тиіс. Мысалы, кей өңірлерде мәзірді жергілікті жағдайға бейімдеген. Балалардың үйренген, тауысып жейтін тағамдарын қалдырып, оны бұрынғыдан да пайдалырақ етіп дайындаған. Сондықтан стандарт өзгеруі керек емес, оны іске асыру тәсілі өзгеруі керек. Баланың пікірін ескеретін жүйе болуы керек, – деді депутат.

ЕСКІ ТАРИФ САҚТАЛҒАН

Оқу-ағарту министрлігінің ресми дерегіне сәйкес, 2026 жылы тамақтандыруды ұйымдастыруға жергілікті бюджеттен 201 млрд теңге қарастырылды. Оның ішінде Астана қаласы бойынша тамақтандыруды ұйымдастыруға 15 млрд қаражат бөлінген. Елордада бір рет тамақтанудың құны бір балаға 951 теңгені құрайды. Мәжіліс депутаты Екатерина Смолякованың айтуынша, жаңа стандарт қабылданды, талап күшейді, жүктеме артты, ал тариф бұрынғы күйінде қалды. Республика бойынша бір балаға берілетін тағамның құны 600-700 теңгеден басталады. Инфляция мен салық жүктемесінің өсуі жағдайында мұндай бағаға толыққанды сапалы тамақ дайындау өте қиын.

«Біз кәсіпкерлерді арзан бағаға арзан өнім беруге итермелеп отырмыз. Бір күндік тамақты 700 теңгеге сыйдыру үшін таза май, ірімшік, сүт емес, оған ұқсас арзан сүт өнімдерінен алады. Сәйкесінше, тамақ дәмсіз болады» деді депутат.

Иә, қазір мәзірді баланың биологиялық құнды заттарға деген физиологиялық қажеттілігінен бұрын азық-түліктің бағасын ескере отырып жасайды. Қазіргі тарифке сай баланың не жеп жүргенін көріп, мәселенің анық-қанығын білу үшін мектеп мәзірі әр мектептің сайтында көрсетіліп тұруы тиіс. Алайда елордалық мектептердің барлығында дерлік ас мәзірі жарияланбаған немесе алдыңғы оқу жылдарының мәзірі ғана көрсетілген. Мектептегі тамақтану үнемдейтін жер емес. Бұл баланың денсаулығына салынған инвестиция екенін ескерген жөн-ақ.

ОЗАТ ОҚУШЫНЫҢ БИІГІ

Астана қаласындағы «Nurorda» мектеп-лицейінің оқушысы Нұргүл Егенбергенова әлемдік білім беру рейтингінде көш бастап тұрған ең беделді оқу орны – АҚШ-тағы Массачусетс технология институтына оқуға қабылданды. Бұл – қазақстандық жас зияткерлердің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілетін дәлелдейтін айтулы оқиға.



MIT университетіне түсу – әлем деңгейіндегі ең қиын сынақтың бірі. Мәселен, биылғы оқу жылында 29 мыңнан астам үміткердің ішінен тек 4-5%-ы ғана шақырту алған. Ал шетелдік студенттер үшін іріктеу бұдан да қатаң болып, қабылдану деңгейі небәрі 2%-ды құрады.

Нұргүлдің ерекше академиялық жетістігі мен интеллектуалдық әлеуетін тек MIT қана емес, сонымен қатар әлемнің топ-100 тізіміне кіретін тағы 5 жетекші университет мойындап, шақырту жіберген. Олардың қатарында мына оқу орындары бар:

– University of British Columbia (UBC, Канада) – №38;

– Hong Kong University of Science and Technology (HKUST, Гонконг) – №44;

– École Polytechnique (Франция) – №46;

– Korea Advanced Institute of Science and Technology (KAIST, Оңтүстік Корея) – №53;

– University of Warwick (Ұлыбритания) – №74.

Айта кетейік, Нұргүл Егенбергенова осыған дейін де білім мен ғылым саласындағы ерен еңбегі үшін мемлекет деңгейінде жоғары бағаланған болатын. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жеке қабылдауында болып, арнайы сыйақы сертификатын иеленген.

ЖАС ЖУРНАЛИСТ БАЙҚАУЫ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының ұйымдастыруымен «Әр мектепте – медиаорталық» республикалық жобасы аясында 4-11-сынып оқушылары арасында «Жас журналист-2026» қалалық байқауы өтеді.

Қатысушылар еркін тақырыпта бейнесюжет, фоторепортаж,сұхбат пен подкаст блогын түсіріп, 22 наурызға дейін жетекшілерімен ai-bala-fest@bk.ru электрондық поштасына жолдай алады. Қорытындысы 2026 жылғы 27 наурыз күні сағат 10:00-де әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында өтетін «AI-Bala» II медиафестивалінде жарияланады. Фестиваль бағдарламасы аясында байқаудың барлық қатысушысына сертификат, ал жеңімпаздарға I, II, III дәрежелі дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталады. Сонымен қатар үздік жұмыстар республикалық «i-Bala» журналында жарияланады. Жеңімпаздардың жұмыстары «Балапан» телеарнасында көрсетіліп, қатысушыларға бұқаралық ақпарат құралдарының редакторларымен сұхбат алу мүмкіндігі ұсынылмақ.

Бетті дайындаған **Индира БЕРЖАНОВА**

ТАБИҒАТТЫ БІРГЕ ҚОРҒАЙЫҚ!

Елордадағы №100 жалпы орта білім беретін мектепте «Табиғатты бірге қорғайық!» экологиялық квесті өтті.

Аталған іс-шара Астана қаласы әкімдігінің Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы және №100 жалпы орта білім беретін мектептің ұйымдастыруымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Қамқор» жобасын, сондай-ақ «Экологиялық мәдениетті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру, табиғатты қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында өтті. Оған мектептің 7-сынып оқушылары қатысты.

Квест – қатысушылардың қызығушылығын арттырып, білімін ойын түрінде толықтыруға мүмкіндік беретін заманауи әдіс. Квест барысында қатысушылар кітапхана ішінде орналасқан QR-кодтарды іздеп тауып, смартфон арқылы сканерлеп, экология тақырыбына берілген тапсырмаға жауап берді. Жауаптар кітаптар мен оқу залының ақпарат материалдары арқылы табылды. Таным және ойын форматында өткен, қатысушылардың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын және кітапхана ресурсын тиімді пайдалануын арттыруға бағытталған іс-шарада қатысушылар экология тақырыбына арналған сұрақтарды дайындап, QR-кодтар жазылған тапсырмаларға берілген уақыт ішінде жауап берді. Экология тақырыбына арналған кітаптар, энциклопедиялар, анықтама материалдары кітапханада қойылды. Квест оқушылардың экологиялық сауатын арттыруға, қоршаған ортаға жауапты көзқарасты қалыптастыруға септік етті. Сонымен қатар саналы тұтыну мәдениетін дамытып, қалдықтарды сұрыптау, энергия мен суды үнемдеу дағдысын меңгеруге ықпал етті.



№33 (4931) 21/03/2026 Сенбі



БИЛЕР ЕЛГЕ ҚҰТ БОЛҒАН...

Әлімсақтан әлем билеушілерінің қасында ақылшы, билері болғаны тарихтан мәлім. Қазақтың атақты билері Майқы Шыңғыс ханның, Едіге Тоқтамыс ханның, Асан қайғы Алтын орда ханы Ұлұғ Мұхамедтің, Жиенбет Есім ханның, Әнет баба Әз Тәуке ханның, Бұқар Абылай ханның ақылшы-кеңесші билері болғаны туралы деректер – соның айғағы.

Хандар билеген дәуірдегі қазақ халқының аймақтық құрылымын басқарудың заңдық жүйесінің негізін құраған «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Әз Тәукенің жеті жарғысының» түп тамыры әйгілі Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би мен Әйтеке билер бастаған әр аймақтың өзіне тән абыз билерінің көреген ақыл-ойының даналығымен жасалғанына тарихтың өзі куә. «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары бар». «Елге бай құт емес, би құт» деген даналық сөздер – соның айғағы.

Ұлы даланы ежелден мекендеген көшпелі ел деп аталып, ғасырлар бойы дара тұлғасы болған даңқты билері қалыптастырған далалық өркениеттің қағидасымен өмір сүргені баршаға ақиқат. Түбі бір түркі елдерінің ішіндегі өздеріне ғана тән әдет-ғұрып, салт дәстүрді ақыл-ой санасының төрінде ұстап, баянды тіршіліктің тұрлаулы құралы ретінде пайдаланып, бір ауыз аталы сөзге тоқтап, далалық өркениеттің заңдарын ұсынған да сол данагөй билер болған. Әйгілі би Әнет баба Кішікұлының «Адалдыққа жақ бол, арамдыққа жат бол» деген өсиетін ұстанған абыз билер алқалы топта билік айтумен қатар, ел басқару ісіне де үнемі белсене араласқан. Адалдықтың ақ жолымен қос тізгінді қатар ұстап, ел-жұртын небір аласапыран қиындықтан өзі бастап алып шығып отырған. Дана билер ел ішін ішкі даудан қорғаса, хас батырлар ел іргесін сыртқы жаудан қорғаған. Батырлар да билік тізгінін қатар ұстап, ұлт тағдырына ара түсіп, әділ шешімді билік айтып, төрелік құрған. Қалың қазақ елі өз өңірлерінде Алланың ақ жолынан таймаған, дүниетанымы терең, санасы саңлақ, даналығы дараланып шыққан билерді ерекше құрмет тұтып, би-ата деп атаған. Төле би, Қазыбек би мен Әйтеке билер ұлы билер деген мәртебе алып, ұлтымыздың рухани көсемі атанса, әрбір өңірдің өзіне тән тарихи тұлғасына айналған қайраткер билері ұлттық құндылықтардың тамыршы, көріпкелі дәрежесіне көтерілген.

Билер тағайындайтын жаза түрлері мен төрелік шешімдер билер алқасының қатысуымен қазақ хандары бекіткен жарғылардың пәрменімен тағайындалғаны тарихтан мәлім. Билердің тағдыр таразысында ел дауы, жер дауы мен жесір дауынан бастап бітім, барымтаға дейінгі талас-тартыстың бәрі талқыға түсіп, өз шешімін тауып отырған. «Тура биде туған жоқ» деген ұстанымнан айнымай, ақылы дария, аузы дуалы, сұңғыла шешен билер өз үкімдерімен ханды да, қараны да қатар қойып, тәубасына келтіріп, тентекті тезге салып, асауды аттан түсіріп, халықтың ажырамас тұтастығын сақтаған. Билердің шығарған үкімдері бұлжымай орындалып отырған. Билер өз төрелігінде күштік құрылымдар ретінде пәрмен беретін тергеушінің де, айыптаушының да, тіпті адвокаттың да міндетін бір өзі атқарып, ар-ожданға арқа сүйеп, ақиқаттың ақ жолымен лайықты жазаны бір өзі таңып беріп отырған. Дәл осы тұста сот саласының ардагері Өмірсерік Сағындықұлының «Қазақтың билер мектебі: Майқыдан Абайға дейін» деген зерттеу еңбегінде еліміздегі бүгінгі сот жүйесінің ежелгі билер мектебімен байланыста екенін тарихи тұрғыда дәйектеп берген.

1822 жылғы қазақ даласында хандық билік жойылып, жаңадан енгізілген аға сұлтандық биліктің бір тармағы болған болыстар сайлауы енгізілгенде, әр болыстық бойынша 10-ға дейін халық билері қоса сайланып, болыстық құрылымның басқару құрамына енгізілген. Ардың жүгін арқалап жүріп, ел-жұртын аузына қаратқан айбатты билердің бір-бірін бағалаған аталы сөздері халық арасында ұлағатты өнегеге айналған. Қазақ даласын Жоңғар шапқыншылығынан қорғап қалып, дербес мемлекет құрған Абылай ханға Бұқар жырау: «Ай, Абылай, Абылай, сені мен көргенде Тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің, Әбілмәмбет патшаға қызметкер болып тұр еді, Үйсін Төле билердің түйесін баққан құл едің» деп дат айтса, өз заманында «Көмекей әулие» атанған Бұқар туғанда үш жүзге билік айтқан Әнет баба бала Бұқардың болашағын болжап: «Есімің Бұқар болсын, Мінгенің тұлпар болсын. Дауысың сұңқар болсын, Ісіңе халқың іңкәр болсын!» деп бата берген Әнет баба Қараменде туғанда: «Үй баласы ма деуші едім, ел баласы боларсың. Халқыңның таңы бол, маңдайының бағы бол» деп бата берген екен. Жалаңтөс Құлықұлына, жоңғардың жебесіне көзін беріп, жерін жаудан қорғап қалған ерен ерлігі үшін ел-жұрты «Соқыр батыр» деп ат берген. Абылай хан өзінің жаужүрек батыры Сеңкібайды «Алтайдың ақиық сұңқары» деп атаса, Жидебай батыр Шабанбай биге «Шаппай жүйрік болған Шабаным, сөйлемей шешен болған Шабаным» деп сүйсінген. Жидебай батырдың ерлігін еске алып, «Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда» деп Кенесары Қасымұлы бағаласа, Жидебай батыр өзінің замандас досы Қараменде биге «Тобықтының басы едің Қараменде, Сирек туар дәл сондай дара пенде. Асыл сөзден тең буған мың тоғанақ, Орта жүздің құты едің қара көмбе» деп баға берген. Кенесарының ақ жолды батыры Ағыбайға ел-жұрты «Ақжолтай» деп ат берген. Осындай қазақ тарихына енген даңқты батыр, дана билеріміздің тұлғалық қасиетін тереңірек танып-білуге деген тәлімге толы құштарлық ұрпақтарымыздың парызына айналса, ғасырлардан жеткен ата-бабалардың даңқты жолы бүгінгі билік жүйесіндегі ант байласқан азаматтар үшін бағдаршам болар деген үміттеміз.

Арқаның белімен, Балқаштың көлімен, Бетпақтың шөлімен шектесіп жатқан кешегі Қарқаралы дуанының құрамында болған бүгінгі киелі Ақтоғай ауданы – Алты Алашты аузына қаратқан Қаз дауысты Қазыбек бабамыздың, халқына қорған болып қол бастаған, дуалы сөздерінен елі бірігіп, дұшпаны ыққан Жалаңтөс батыр, Қараменде би, Сеңкібай би, Жидебай батыр, Шабанбай би, Сана би мен Ағыбай батырлардың ұрпақтарына әруағы қонған, шылауы дарыған төрт түлігі өрісінде өрбіген, өнегесі мен өнері қатар өрілген өңір.

> Қарқаралы мен Ақтоғайды ортақ шекара белдеумен жалғап тұрған тіршілік тынысының бауырластық тамырына айналған Қызыларай жұрты 17 жасынан бастап сауыт киіп, найза ұстап, жауға шапқан Абылайдың айбынды батырының бірі, көріпкел әулие, дуалы ауыз шешен, қалың елі қадірлеп Би ата деп, Абылай хан «Алтайдың ақиық сұңқары» деп атаған Қарашор елінің көсемі Сеңкібай бидің мазарына ұрпақтары 1986 жылы күмбез тұрғызып, ескерткіш құлпытас орнатқан. Баба мазары тарихи және мәдени ескерткіштердің жергілікті маңызының мемлекеттік тізіміне енгізілген

Аға жолын ұстанған Жалаңтөс Құлықұлы – Қаракесек руының Сарым тармағынан, Жоңғар соғысында теңдессіз ерлік көрсеткен жаужүрек батыр, көріпкел әулие. Халық арасындағы есімі – «Соқыр батыр». Киесі – қызыл бүркіт, мінген тұлпары – Оқжирен, кие тұтқан заты – қой асығы, нағашысы – Қаңжығалы Бөгенбай батыр. Баянауыл-Қарағанды өңірін жоңғардан азат ету кезінде көзіне қадалған найзаны жауынгерлері ала алмағанда, өзі суырып алып, соғысты жалғастыра берген. Жерленген жеріндегі өзенге де Соқыр деген ат берілген. Кіндігінен 3 тайпа ел тараған. Жазғы жайлауы – Нұраның бір тарауы Соқыр өзені бойындағы Соқырдың Сораңы деген жер. Батырдың қысқы қонысы Қызылтас тауларындағы батырдың атындағы 3 қорығы болған. Бас қорығында Бірлестік ұжымшары ашылған. Бұл жер 1990 жылдардың басында Жалаңтөс ауылы деп аталған. Қарағанды қаласының қасындағы мыңдаған адамдардың мүрдесі жерленген мәңгілік қалаға 2022 жылы «Жалаңтөс соқыр батыр қорымы» деп ат берілген. Бұланты шайқасы болған жерге батыр рухына арналып ескерткіш құлпытас қойылған.

Ақтабан шұбырындыда қабырғалы қалың елін Қаратаудан бастап шығып, керегедей керілген Шыңғыстауға алып келіп, Көкше көлге қоныстандырған Қараменде Шақаұлы – Орта жүздің құты болған Тобықтының Дадан атасынан шыққан ұшқыр ойлы, қара қылды қақ жарған әділ, төре билігімен әулие атанған, қара бүркіт киесіне айналған, заманында мал мен жер, жесір мен ел дауларының бітімін бір ауыз сөзбен бейбіт тындырып, батырды аттан түсірген, тентекті тезге салған, көкірегінде көзі бар, көпке айтар сөзі бар, сөзі соқпақ, өзі нар, дуалы ауыз, қызыл тілдің шебері, шешені атанған атақты би. Өзінің ұстазы Сәдір қожа жерленген Тоқырауын мен Ақтас өзендерінің айырығындағы сақ патшаларының қорған обалары үйілген жерден мәңгілік мекен тапқан. 1993 жылы ұрпақтары ас беріп, мазарын үшінші дүркін жаңартып, қабірін мәрмәрмен қаптап, ескерткіш құлпытастар орнатып, Еңбек кеңшарына Қараменде бабаның аты берілген.

2007 жылы туғанына 300 жыл толуы құрметіне республикалық деңгейде рухани іс-шаралар өтіп, аудандық соттың кеңсе ғимаратына, Балқаш қаласындағы үлкен көшеге мүсін ескерткіші қойылып, Астана қаласындағы бір көшеге аты берілген. Баба мазары тарихи және мәдени ескерткіштердің жергілікті маңызының мемлекеттік тізіміне енген. Молдабек Жанболатұлының «Тобықты Қараменде би» деген кітабы жарыққа шықты.

Қарқаралы мен Ақтоғайды ортақ шекара белдеумен жалғап тұрған тіршілік тынысының бауырластық тамырына айналған Қызыларай жұрты 17 жасынан бастап сауыт киіп, найза ұстап, жауға шапқан Абылайдың айбынды батырының бірі, көріпкел әулие, дуалы ауыз шешен, қалың елі қадірлеп Би ата деп, Абылай хан «Алтайдың ақиық сұңқары» деп атаған Қарашор елінің көсемі Сеңкібай бидің мазарына ұрпақтары 1986 жылы күмбез тұрғызып, ескерткіш құлпытас орнатқан. Баба мазары тарихи және мәдени ескерткіштердің жергілікті маңызының мемлекеттік тізіміне енген. 1994 жылы Ақөлке жайлауында Би атаның туғанына 285 жыл толуына арналып ас беріліп, рухани іс-шаралар өткен. Қалкен Мәкембаевтың «Сеңкібай би ата» деген кітабы жарыққа шыққан. Бұланты шайқасы болған жерге батыр рухына арналып ескерткіш құлпытас қойылған.

Даңқты батыр, әділ би әрі шешен көріпкел, Абылай ханның шолғыншы жасағын басқарған, Абылайды ақ киізге отырғызып хан көтеруге қатысқан, Аңырақай шайқасында ерлігімен танылған, қызыл түлкі киесі болған, «Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда» деп артында тәлімді сөз қалдырған Жидебай батыр Қожаназарұлының атамекені – сайын далада көкке найзадай шаншылған Бектауата тауының баурайы. 1993 жылы бұрынғы Қоңырат кеңшарына Жидебай батырдың аты берілген. Нұра өзенінің бойындағы мазары жаңартылып, туғанына 280 жыл толуына арналып ас беріліп, құлпытас қойылған. 2013 жылы батырдың 300 жылдығы республикалық деңгейдегі ауқымды рухани іс-шаралармен аталып өтіп, округ орталығындағы алаңға батырдың зәулім қола мүсін бюсті орнатылған. Батырдың мазары тарихи және мәдени ескерткіштердің жергілікті маңызының мемлекеттік тізіміне енгізілген. Балқаш қаласында үлкен көшенің біріне батырдың мүсін ескерткіші орнатылған. Бұланты шайқасы болған жерге батыр рухына арналып ескерткіш құлпытас қойылған. Зерттеуші, ғалым Мұхаммедқали Әбдуов «Ер есімі – ел есінде» деген танымдық кітап шығарған.

Қаракесектің Сарым бұтағынан тараған Шабанбай би Қалқаманұлы қысқа сөйлеп, көп ұғындыратын, көкірегі қазына, ақылға бай, ойы терең, талғамы кең, топшылауы жүйрік, алғыр да тапқыр әділ би, аса қарапайым, мейірімді батагөй, тұлғалы адам болған. Жидебай батыр соншалықты риза болып, «Шаппай жүйрік болған шабаным, сөйлемей шешен болған шабаным» деп баға берген. Қыстауы Беғазының баурайында, жайлауы Нұра, Ақсу өзендерінің бойында болған. Жайлауда дүниеден озып, ел-жұрты 1839 жылы мазарын тұрғызған. 1994 жылы ұрпақтары ас беріп, мазарын жаңартып, құлпытас орнатқан. Ұрпағы Қайырбек Байсеркин ақсақал «Шабанбай би» деген танымдық кітап шығарған. Бұрынғы Қаратал кеңшарына Шабанбай бидің аты берілген. Округ орталығына Шабанбай бидің ескерткіш бюсті орнатылған.

Есімі ел аузында аңызға айналып, рухы құрметке бөленген, әулие көріпкел, көш бастаған баба, сөз бастаған шешен, ғажайып құпия күш құдіретімен «Қанатты қара» атанып, «Ел көзіне көрінбей ұшады екен» деген аңызға айналған, аруақ қонған әділ би Сана Қожантайұлы туралы сыншы Қылышбай би «Байқаймын, мынау жатқан Бетбақ дала, Көшті бастап барады Сана бала. Бала екен деп өктемдік жасамағын, Ақыл шығар түбінде дана бала» деп баға берген. Сана бидің әділ шешіміне риза болған ағасы Қараменде би: «Жарайсың Сана биім, «Адалдық жеткізер мұратқа, Арамдық қалдырар ұятқа», алдыңнан жарылқасын» деген екен. Сана бабаның көріпкелдігінің бір айғағы ел-жұртына арнап «Дүниеден өткелі жатырмын, Ақ атаныма мені қомдап, бұйдасын түріп жіберіңдер. Атан шөккен жерден маған топырақ бұйырсын деп өсиет етіпті. Мүрдесі өз тілегі бойынша Қарақұланың қасындағы, Тоқырауын өзені жағасындағы жалғыз төбеге жерленген. Зираты үш дүркін жаңартылған. 1994 жылы ұрпақтары, ел-жұрты ас беріп, мазарын қайта тұрғызып, ескерткіш құлпытастар орнатқан. Өмірі туралы деректер Молдабек Жанболатұлының «Шыңғыстау Тобықты шежіресіне» енгізілген.

Ағыбай Қоңырбайұлы ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі, Кенесары ханның әскери кеңесшісі, көтеріліс бөлімшелерінің басшысы әрі батыр қолбасшысы болған. Жорықтарда үнемі жолы болып, жеңіске жетіп отыратындықтан Ақжолтай батыр атанған. Көтеріліс аяқталғаннан кейінгі тыныш өмірінде «Үш абыз» деген жерде (Қазаннан татар, Түркістаннан қожа және қазақ мұғалімдері) білімді ұстаздар алғызып, бала оқыттырған. Мүрдесі Бетбақдаладағы Таятқан-Шұнаққа жерленіп, мазар тұрғызылған. Көл жағасындағы бұғаз «Ағыбайдың Тасаралы» деп аталған. 1992 жылы Айыртау-Сопыда ұрпақтары дүйім жұртқа ас беріп, туғанына 190 жыл толуын атап өткен. Балқаш қаласында батырға зәулім ескерткіш орнатылып, көше аты берілген.

Өткенімізге көз салсақ, көкжиектен атойлап тұратын айбынды бабалар аманатының қуатынан жүрегіміздің соғысымен алпыс екі тамырда айналып тұратын ұлттық қанымыз рухтанып, ұрпағымыз құнарлы нәр алсын деп тілейік, бабалар рухына мың мәрте тағзым етейік!

Тұңғышбай МҰҚАН,
өлкетанушы, «Құрмет белгісі» орденінің иегері



Сұлтан СЕЙІТ



СӨЗ МЕРГЕНДЕРІ МЕН КӨЗ МЕРГЕНДЕРІ

Елордада әз-Наурыз мерекесі аясында Ұлттық спорт күніне орай қаламгерлер мен қоғам қайраткерлері арасында «Сөз бен сана» тақырыбында тастаяқтан турнир өтті. Салауатты өмір салтын дәріптеуге бағытталған іс-шара дәстүрлі түрде үшінші рет ұйымдастырылып отыр.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Аталған турнирді Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы, «Elorda Aqparat» медиахолдингі және Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы бірлесіп өткізді.

Доданың ашылу салтанатында «Elorda Aqparat» медиахолдингінің басшысы Олжас Сыдықбек іс-шараның мән-маңызын атап өтті.

– Берекелі Рамазан айын шығарып салып, қос мереке – әз-Наурыз бен қасиетті Ораза айтта өздеріңізбен жүздесіп отырмыз. Бұл күндер – татулық пен берекенің, жаңару мен ізгіліктің символы. Қаламгерлер мен қоғам қайраткерлері арасындағы дәстүрлі тастаяқ турнирі салауатты өмір салтын дәріптеумен қатар, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға, ұлт руханиятын насихаттауға бағытталған. Сонымен бірге бұл бастама зиялы қауым өкілдерінің өзара байланысын нығайтып, рухани әрі мәдени үндестікті арттыра түсетіні сөзсіз, – деді ол.

Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп өз сөзін «Бұл жолғы басқосу – береке мен бірліктің, рухани жаңғырудың айқын көрінісі. Мемлекет басшысының бастамасымен биыл үшінші жыл қатарынан Наурызнама онкүндігі кең көлемде аталып өтуде. Осы күндердің әрқайсысы мазмұн тұрғысынан айшықталып, бүгінгісі Ұлттық спорт күніне арналып отыр. Қаламгерлер тек сөз өнерінің шебері ғана емес, сонымен қатар ұлттық ойындарда да өздерінің шымырлығы менептілігін таныта алатынын көрсетіп келеді. Сондықтан тастаяқ турнирі – тек жарыс емес, рухани үндестікті арттыратын, достық пен ынтымақты бекемдейтін тағылымды іс-шара» деп түйіндесе, Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының басшысы Бауыржан Бабажанұлы бұл бастаманың қаламгерлер арасындағы барыс-келісті нығайтудағы рухани маңызын жоғары бағалады.

Додаға қатысушыларға батасын беріп, жарысты бастап берген жазушы Қойшығара Салғараұлы Наурыз мейрамының тарихи мәніне тоқталды.

– Бұл мерекенің мән-маңызына терең үңілсек, оның тамыры тым әріде жатқанын аңғарамыз. Кейбір деректерге сүйенсек, бұл мейрам біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдың аяғында Мөде хан заманында-ақ тойланған екен. Ежелде бұл күн «Жас күн» деп аталған. «Жас күн» – жаңару мен жаңғырудың, тіршіліктің қайта түлейтін шағының белгісі. Ал осы мереке қарсаңындағы басқосу дәстүрін «Арылу» деп атаған деседі. Бүгінде біз оны «Көрісу күні» деп атап жүрміз. Бір қызығы, әлемнің арғы жағындағы кейбір халықтарда да осыған ұқсас дәстүрлер сақталған. Бұл ата-бабаларымыздың бай мәдениеті мен өркениетінің кең тарағанының айғағы болса керек. Кейінірек Хорезм мәдениетінің ықпалымен бұл мереке «Наурыз» атауына ие болған. Ал «Наурыз» сөзінің өзі де түпкі мағынасы жағынан «жаңару», «жаңа күн» ұғымымен сабақтас. Ендеше осы жаңа күн – Ұлыстың ұлы күні баршаңызға құтты, бүгінгі тастаяқ додасы табысты болсын! – деді ол.

Турнир барысында қатысушылар тек шеберлігін сынап қана қоймай, ұлттық спортты дамыту мәселелері төңірегінде пікір алмасып, ұлттық ойындардың маңызын кеңінен талқылады.

Сәскеден көз байланған шаққа дейін додаға түскендердің арасынан Ербол Ерденбек қарсыластарынан басым түсіп, бас жүлдені иеленсе, Наурызбек Сарша екінші орын, Ғабит Тәжімұратов пен Толқын Табысбек үшінші орын алды. Сондай-ақ бірқатар қатысушылар «Мәдениетті ойыншы», «Ең үздік ойыншы» сынды арнайы аталымдар бойынша марапатқа ие болды. Қойшығара Салғараұлы, Алдан Смайыл және Уәлихан Қалижан «Ыбырай Алтынсарин атындағы», «Қайым Мұхамедханов атындағы», «Жамбыл Жабаев атындағы» арнайы сыйлықтармен марапатталды.



СПОРТ – ӨМІР СҮРУ САЛТЫ

Астанадағы «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешенінде Наурызнама онкүндігінің Ұлттық спорт күні аясында қыз қуу, теңге ілу, көкпар және аударыспақтан жарыстар өтті.

«Арғымақ» кешенінің директоры Аманжол Хасеновтің айтуынша, ұлттық спорт – жай ғана жарыс емес, өзінің философиясы бар мәдени кодтың бір бөлігі.

– Баршаңызды Ұлттық спорт күнімен құттықтаймын! Мұны біз әз-Наурыз мерекесі қарсаңында атап өтеміз. Біз бұл ойындарды көрсетіп қана қоймай, олардың спорт қана емес, халқымыздың өмір сүру салты екенін еске салғымыз келді. Осы жарыстарға қазақтар, әзербайжандар, ингуштер, немістер секілді түрлі ұлттың өкілдері қатысып жатыр. Бұл ойындар барлығын біріктіреді, себебі баяғыдан Қазақстанның ортақ мәдениетінің бөлшегіне айналды. Бүгінде ұлттық ат спорты түрлері өрлеу үстінде. Өткен жылы оларды олимпиадалық түрлерімен қатар басым бағыт берілетін тізімге енгізді. Мемлекет бұл бағытты қолдап отырғанын айтқан маңызды. Себебі бұл жерде әңгіме ата-бабаларымыздан бері жалғасып келе жатқан дәстүрлерді сақтау туралы болып отыр. Әр спортта өзінің филофиясы бар. Мысалы, қыз қуу жай ғана жетіп алуды көздемейді. Бұл ойында ер-азаматтың қызға лайық болуы, қуып жетіп, күші менептілігін көрсетуі деген мағына жатыр. Мұндай ойындардың барлығы физикалық күшті көрсетіп қана қоймай, тарихты, мәдениетті, елдің шығу тамырын танытады, – деді ол.

Екатерина ТЫЩЕНКО





АТА САЛТЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Наурызнама онкүндігінің Жаңару күнінде Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты мекемелер арасында Aspan спорт кешенінде «Ата салтым – асыл қазынам» атты байқау өтіп, қазақтың салт-дәстүрлері дәріптелді.



Жарыс барысында 7 команда кезекпен «бесікке салу», «тұсаукесер», «шаш өру», «сырға салу» дәстүрі, «құдаларға төс қағыстыру дәстүрі», «құйрық-бауыр асату», «бата беру» сияқты қазақтың салт-дәстүрлерінен қойылымдар көрсетті. Бұдан бөлек, арқан тартыс, қол күрес, қыздар арасында 5 асық ойыны, гір тасын көтеру, тоғызқұмалақ, асық ату ойындары сияқты сайыстар ұйымдастырылды.

«Бұл іс-шараның мақсаты – Наурыз мейрамының сан ғасырлар бойы қалыптасқан гуманистік құндылықтарын, адам мен табиғаттың жарасымына негізделген дәстүрлерін өркендету мен жаңғырту, қазақ халқының байырғы, ізгі ұлттық салттарын мейлінше насихаттау» деді қазылар алқасының мүшесі, ақын Алмахан Мұхаметқалиқызы.



Газетіміздің келесі саны 2026 жылғы 28 наурыз күні шығады.

№33 (4931) 21/03/2026 Сенбі

Наурыз

21-22 НАУРЫЗ
10:00-18:00
«НАУРЫЗ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ» КОНЦЕРТІ
ҚАЛАЛЫҚ АЛАҢ, «ҚАЗАҚ ЕЛІ» МОНУМЕНТІ АУМАҒЫ, EXPO АУМАҒЫ, «АСТАНА АРЕНА» СТАДИОНЫ МАҢЫ, «ASTANA MUSIC HALL» АЛАҢЫ ЖӘНЕ «АТАТҮРІК» САЯБАҒЫ, ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ТҰРҒЫН АЛАБЫ, ИНТЕРНАЦИОНАЛЬНЫЙ ЖӘНЕ ПРОМЫШЛЕННЫЙ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІ, «БАҒЫСТАН» ЖӘНЕ ПРИГОРОДНЫЙ ТҰРҒЫН АЛАПТАРЫ, «ҚАЛАМГЕРЛЕР» АЛЛЕЯСЫ, «ЖЕРҰЙЫҚ» САЯБАҒЫ, «НАЗ» ТЕАТРЫ МАҢЫНДА МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМАЛАР ӨТЕДІ.

21-23 НАУРЫЗ
14:00-18:30
НАУРЫЗ ЖӘРМЕҢКЕСІ
EXPO халықаралық көрме орталығы

22 НАУРЫЗ
12:00
«ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!»
Ә.Мәмбетов театры

22 НАУРЫЗ
18:00
«КӨКТЕМ САЗЫ»
Қуанышбаев театры

22 НАУРЫЗ
20:00
МАҚПАЛ ЖҮНІСОВАНЫҢ КОНЦЕРТІ
Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония

22-23 НАУРЫЗ
11:00
«НАУРЫЗ-ДУМАН»
Жас көрермендердің музыкалық театры

23 НАУРЫЗ
09:00
«ТАБИҒАТ – АДАМЗАТТЫҢ АЛТЫН БЕСІГІ»
Экология акциясы

23 НАУРЫЗ
19:00
«САҒЫНЫШ САЗЫ» РЕТРО-КОНЦЕРТІ
Жастар сарайы

23 НАУРЫЗ
19:00
«КҮЙ» ДРАМАСЫ
Қуанышбаев театры

24 НАУРЫЗ
17:00
«АРМЫСЫҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!»
Астана Опера

25 НАУРЫЗ
19:00
«ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ...»
Жас көрермендердің музыкалық театры

27-29 НАУРЫЗ
11:00-15:00
АТ СПОРТЫНАН ЧЕМПИОНАТ
«Арғымақ» ат спорты-сауықтыру кешені

27 НАУРЫЗ
19:00
«РУХТЫ ӘЛЕМ» КОНЦЕРТІ
Жастар сарайы







Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №33
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА